Тау-Кен Самрук

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған

«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

МАЗМҰНЫ

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	1-2
Пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп	3
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	4-5
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	6
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты ескертулер	7-51

«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге - «Топ») басшылығы 2017 жылғы 31 желтоқсандағы Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ аталған күні аяқталған жыл ішіндегі оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және ақшалай қаражатының шоғырландырылған қозғалысын және капиталындағы өзгерістерді Халықаралық қаржылық есеп стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес барлық елеулі аспектілерінде анық бейнелейтін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін жауап береді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық келесілерге жауапты:

- бухгалтерлік есеп ұстанымдарын дұрыс таңдау және оларды дәйекті пайдалану;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы мәліметтерді жөнді, анық, салыстырмалы және түсінікті нысанда ұсыну;
- негізделген, мақсатқа сәйкес бағалау мен жорамалдарды қолдану;
- ХҚЕС талаптарын орындау Топтың қаржылық жағдайы мен оның қызметінің қаржылық нәтижелеріне қандай да бір мәмілелердің, сондай-ақ өзге оқиғалар мен жағдайлардың тигізетін әсерін шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылардың түсінуіне жеткіліксіз болған жағдайда қосымша ақпаратты ашып көрсету; және
- қаржылық есептілікті жақын болашақта Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалай отырып дайындау.

Басшылық сонымен қатар келесілерге де жауапты:

- Топтың ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін жасау, енгізу және оның қызметін қамтамасыз ету;
- Топтың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген сәтте, әрі жеткілікті дәрежедегі дәлдікте әзірлеуге және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде шаралар қолдану; және
- алаяқтық және өзге теріс пайдаланушылық фактілерін анықтау және олардың алдын алу.

Топтың 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігін басшылық 2018 жылғы 27 ақпанда бекітті.

Қаржы жөніндегі бас директор Бигожин Т.Ж.

Бас бухгалтер Касенова А.Н.

Grant Thornton
An instinct for growth™

Grant Thornton ЖШС
Әл-Фараби даңғылы, 15
Нұрлы Тау БО 4В
Офис 1302
Алматы
050059

T +7 (727) 311 13 40

almaty@kz.gt.com
www.grantthornton.kz

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-ның акционері мен басшылығына

Пікір

Біз «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептен, пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және аталған күні аяқталған жыл бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты ескертулерден, соның ішінде есеп саясатының негізгі ережелерін қысқаша шолудан тұратын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса тіркелген шоғырландырылған қаржылық есептілік 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және аталған күні аяқталған жыл бойынша ақшалай қаражатының шоғырландырылған қозғалысын Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес барлық елеулі аспектіде анық бейнелеген.

Пікірімізді білдіру үшін негіз

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына (АХС) сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз қорытындымыздың «*Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудитордың жауапкершілігі*» бөлімінде сипатталған. Біз өзіміздің шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізген аудитімізге Қазақстан Республикасында қолданылатын этика талаптарына сәйкес Топқа тәуелді емеспіз және де біз бұл талаптарға сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біздің ойымызша, біздің алған аудиторлық дәлелдеріміз пікір білдіруіміз үшін жеткілікті және тиісті болып табылады.

© 2018 Grant Thornton ЖШС. Барлық құқығы қорғалған.
«GrantThornton» ЖШС Grant Thornton International ұйымының мүшесі болып табылады.
Grant Thornton International және ұйымға мүше фирмалар халықаралық өріптестік болып табылмайды.
Grant Thornton International ұйымының әрбір фирма-мүшесі жеке тәуелсіз фирма болып табылады және дербес қызмет көрсетеді.

Grant Thornton
An instinct for growth™

Басқа да ақпарат: Топтың Жылдық есебі

Басшылық Жылдық есепке кіргізілетін басқа да ақпарат үшін жауапкершілік көтереді. Басқа да ақпарат басқарма төрағасының мәлімдемесін, Компания туралы ақпаратты, минералды ресурстарға берілген бағаны, есепті күннен кейінгі негізгі оқиғаларды, операциялық қызметті, қаржы-экономикалық көрсеткіштерді, белгісіздік тәуекелдерін және ішкі бақылауды, әлеуметтік жауапкершілікті және қоршаған ортаны қорғауды, корпоративтік басқаруды, 2018 жылға арналған негізгі міндеттерді және басқа ақпаратты қамтиды, бірақ оған шоғырландырылған қаржылық есептілік және ол туралы біздің қорытындымыз кірмейді. Жылдық есеп, болжам бойынша, бізге осы аудиторлық қорытынды жасалған күннен кейін беріледі.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды, және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір түрдегі сенгендікті білдіретін тұжырым жасамаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда аталған ақпарат бізге берілген кезде онымен танысып шығуымызда, басқа да ақпараттың және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында біздің біліміміздің арасында елеулі сәйкессіздіктердің бар не жоқ екені және басқа да ақпаратта ықтимал елеулі бұрмалаушылықтың бар не жоқ екені туралы мәселені қарастыруымызда жатыр.

Егер басқа да ақпаратпен танысып шығу кезінде біз онда елеулі бұрмалаушылық бар деген тұжырымға келсек, онда біз бұл мәліметті корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалардың назарына жеткізуге тиіс боламыз.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық аталған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес дайындалуы және анық көрсетілуі үшін және басшылық жосықсыз әрекеттің немесе қателіктің салдарында елеулі бұрмалаушылығы болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, қызметтің үздіксіздігіне жататын мәліметтердің тиісті жағдайларда ашылуы үшін және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы болжамның негізінде дайындалуы үшін жауапкершілік көтереді, тек бұған басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттеніп отырған жағдайлар немесе оның таратудан немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір іс жүзіне асатын баламасы болмаған жағдайлар жатпайды.

Корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалуына қадағалау жасау үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің салдарында шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылық жоқ екеніне ақылға қонымды түрде көз жеткізу және біздің пікірімізді қамтитын аудитор қорытындысын шығару болып табылады. Ақылға қонымды түрде көз жеткендік жоғары дәрежеде көз жеткізу болады, бірақ елеулі бұрмалаушылықтар болған жағдайда Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудиттің әрқашан оларды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Ақпаратты бұрмалау жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесінде болуы мүмкін, және егер жеке-жеке немесе жиынтығында олар осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде пайдаланушылардың қабылдайтын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде ойлауға болатын болса, олар елеулі бұрмалаушылық деп саналады.

© 2018 Grant Thornton ЖШС. Барлық құқығы қорғалған.
«GrantThornton» ЖШС Grant Thornton International ұйымының мүшесі болып табылады.
Grant Thornton International және ұйымға мүше фирмалар халықаралық өріптестік болып табылмайды.
Grant Thornton International ұйымының әрбір фирма-мүшесі жеке тәуелсіз фирма болып табылады және дербес қызмет көрсетеді.

Grant Thornton
An instinct for growth™

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне аудитордың жауапкершілігі (жалғасы)

Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіптік пайымдаманы қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіптік күмәншілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар біз мына төмендегілерді орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін айқындаймыз және бағалаймыз; бұл тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікір білдіруіміз үшін негіз болатындай жеткілікті әрі тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жоғарыда аталған жосықсыз әрекеттердің нәтижесінде қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануының анықталмай қалу тәуекелі қателіктің нәтижесінде болған елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелінен жоғарырақ, себебі жосықсыз әрекеттерде сөз байласу, қасақана жол беру, ақпаратты бұрмалап көрсету немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтіп әрекет жасау қамтылуы мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатымен емес, ал жағдайға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және ақпаратты тиісінше ашудың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың үздіксіз қызметіне жол беруінің заңға сәйкестігі жөнінде тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туындауына әкелетін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоғы туралы тұжырым жасалады. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген тұжырымға келсек, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда ақпараттың шоғырландырылған қаржылық есептілікте сәйкесінше ашылуына назар аударуға және егер мұндай ақпараттың ашылуы тиіссіз түрде болса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз біздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топ өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылатын жағдайға әкелуі мүмкін;
- жалпы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуына, оның құрылымы мен мазмұнына, соның ішінде онда ақпараттың ашылуына, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізіне алынған операциялар мен оқиғаларды көрсеткенде олардың анық көрсетілуіне баға береміз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін ұйымдардың шоғырландырылған қаржылық ақпаратына немесе Топтың ішіндегі қызметке қатысы бар тиісті, жеткілікті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитіне басшылық ету, бақылау жасау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікіріміз үшін толығымен жауапты болып қаламыз.

© 2018 Grant Thornton ЖШС. Барлық құқығы қорғалған.
«GrantThornton» ЖШС Grant Thornton International ұйымының мүшесі болып табылады.
Grant Thornton International және ұйымға мүше фирмалар халықаралық өріптестік болып табылмайды.
Grant Thornton International ұйымының әрбір фирма-мүшесі жеке тәуелсіз фирма болып табылады және дербес қызмет көрсетеді.

Grant Thornton
An instinct for growth™

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне аудитордың жауапкершілігі (жалғасы)

Біз «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-ның корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғаларымен ақпараттық әрекеттестік жасаймыз, бұл орайда басқасының ішінде аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімі туралы, сондай-ақ аудиттің нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, соның ішінде аудит барысында өзіміз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты олардың назарына жеткіземіз.

Grant Thornton

Ержан Досымбеков

«Grant Thornton» ЖШС-нің
Бас директоры/ Аудиторы

Қазақстан Республикасының квалификацияланған аудиторы
2012 жылғы 20 қаңтарда берілген №МФ-0000069 біліктілік куәлігі

Қазақстан Республикасы аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі 2012 жылғы 21 маусымда берген МФЮ-2 сериялы №0000087 мемлекеттік лицензия

2018 жылғы 27 ақпан
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

© 2018 Grant Thornton ЖШС. Барлық құқығы қорғалған.
«GrantThornton» ЖШС Grant Thornton International ұйымының мүшесі болып табылады.
Grant Thornton International және ұйымға мүше фирмалар халықаралық өріптестік болып табылмайды.
Grant Thornton International ұйымының әрбір фирма-мүшесі жеке тәуелсіз фирма болып табылады және дербес қызмет көрсетеді.

«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңге	Ескерту	**2017 жылғы 31 желтоқсан**	2016 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	8	**45,767,557**	33,629,121
Материалдық емес активтер	9	**52,680,333**	52,602,114
Барлау мер бағалау бойынша активтер	10	**6,848,471**	5,854,548
Қауымдастырылған компанияға салынған инвестициялар	11	**443,335,588**	434,888,968
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		**2,853,783**	2,506,038
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		**606,988**	599,694
Өтелетін салықтар		**3,480,294**	2,840,008
Өзге де ұзақ мерзімді активтер		**1,577,848**	287,801
		557,150,862	**533,208,292**
Ағымдағы активтер			
Тауарлы-материалдық қорлар	12	**20,718,903**	19,210,875
Дебиторлық берешек	13	**645,702**	2,394,484
Берілген аванстар		**598,262**	828,093
Өзге де ағымдағы активтер		**814,975**	884,552
Қысқа мерзімді банктік салымдар	15	**16,001,573**	2,759,054
Ақшалай қаражат және оның баламалары	14	**22,360,756**	17,389,910
		61,140,171	**43,466,968**
Сатуға арналған деп жіктелетін активтер	7	–	327,931
АКТИВТЕР, БАРЛЫҒЫ		**618,291,033**	**577,003,191**
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Капитал			
Жарғылық капитал	16	**252,874,907**	252,874,907
Үлестірілмеген пайда		**114,582,487**	63,599,488
Капиталдың өзге де құрамдастары		**223,340,451**	233,621,968
		590,797,845	**550,096,363**
Бас ұйымның акционеріне келетін капитал		**50,625**	60,260
Бақыланбайтын иелік үлестері	16	**590,848,470**	**550,156,623**
КАПИТАЛ, БАРЛЫҒЫ			

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңге	Ескерту	**2017 жылғы 31 желтоқсан**	2016 жылғы 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Акционерден алынған қарыздар	6	**3,104,963**	2,898,365
Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек	6, 17	**5,417,568**	5,057,154
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттеме	22	**10,230,917**	10,193,607
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер		**826,510**	126,128
		19,579,958	**18,275,254**
Ағымдағы міндеттемелер			
Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек	17	–	93,382
Кредиторлық берешек және алынған аванстар	17	**7,004,703**	7,540,433
Төленетін салықтар		**210,226**	428,503
Қызметкерлердің алдындағы берешек		**308,863**	248,597
Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттар бойынша міндеттемелер		**119,783**	139,276
Өзге де ағымдағы міндеттемелер		**219,030**	119,207
		7,862,605	**8,569,398**
Сатуға арналған активтерге тікелей байланысты міндеттемелер	7	–	1,916
МІНДЕТТЕМЕЛЕР, БАРЛЫҒЫ		**27,442,563**	**26,846,568**
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, БАРЛЫҒЫ		**618,291,033**	**577,003,191**

7-51 -беттердегі түсіндірме ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қаржы жөніндегі бас директор Бигожин Ж.

Бас бухгалтер Касенова А.Н.

2018 жылғы 27 ақпан
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңге	Ескерту	**2017 жыл**	2016 жыл
Жалғастырылған қызмет			
Өткізілген өнімнен алынған түсім	18	**206,312,886**	166,384,038
Өткізілген өнімнің өзіндік құны	19	**(205,140,795)**	(163,736,853)
Жалпы пайда		**1,172,091**	**2,647,185**
Жалпы және әкімшілік шығындар	20	**(3,410,580)**	(2,537,203)
Өткізу бойынша шығындар		**(235,687)**	(969,577)
Операциялық залал		**(2,474,176)**	**(859,595)**
Қаржылық табыстар	21	**3,635,086**	2,215,378
Қаржылық шығындар		**(631,081)**	(541,925)
Қауымдастырылған компанияның пайдасындағы үлес	11	**58,049,264**	37,390,949
Өзге де операциялық емес табыстар		**387,354**	326,124
Өзге де операциялық емес шығындар		**(1,037,796)**	(229,975)
Құнсызданудан болған залал		**(1,183,512)**	(221,827)
Теріс бағамдық айырма, нетто		**(194,615)**	(499,343)
Салық салынғанға дейін жыл ішінде жалғастырылған қызметтен түскен пайда		**56,550,524**	**37,579,786**
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	22	**(55,353)**	(197,808)
Жыл ішінде жалғастырылған қызметтен түскен пайда		**56,495,171**	**37,381,978**
Тоқтатылған қызмет			
Салық салынғаннан кейін жыл ішінде тоқтатылған қызметтен түскен таза пайда	7	**95,671**	67,876
Жыл ішіндегі пайда		**56,590,842**	**37,449,854**
Жыл ішіндегі келесілерге қатысты пайда/(залал):			
Бас компанияның акционеріне		**56,600,477**	37,458,628
Бақыланбайтын меншік үлестеріне	16	**(9,635)**	(8,774)
Өзге де жиынтық табыс			
Есептілік валютасын қайта есептеуден келген (залал)/пайда	11	**(10,281,517)**	389,650
Жыл ішіндегі жиынтық табыс, барлығы		**46,309,325**	**37,839,504**
Жыл ішіндегі келесілерге қатысты жиынтық табыс/(залал), барлығы:			
Бас компанияның акционеріне		**46,318,960**	37,848,278
Бақыланбайтын иелік үлестеріне	16	**(9,635)**	(8,774)

7-51 -беттердегі түсіндірме ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қаржы жөніндегі бас директор Бигожин Т.Ж.

Бас бухгалтер Касенова А.Н.

2018 жылғы 27 ақпан
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңге	Ескерту	2017 жыл	2016 жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН АҚША АҒЫНДАРЫ:			
Салық салынғанға дейін жалғастырылған қызметтен жыл ішінде түскен пайда		**56,550,524**	37,579,786
Салық салынғаннан кейін тоқтатылған қызметтен жыл ішінде түскен пайда		**95,671**	67,876
Түзетулер:			
Негізгі құралдардың тозуына және материалдық емес активтердің амортизациясына	19, 20	**811,915**	992,710
Есептелеген қаржылық табыстарға	21	**(3,635,086)**	(2,215,378)
Есептелген қаржылық шығындарға		**631,081**	541,925
Қауымдастырылған компанияның пайдасындағы үлеске	11	**(58,049,264)**	(37,390,949)
Ескірген және өтімсіз тауарлы-материалдық қорлар бойынша таза (қалпына келтіру)/есептен шығару	12	**(127,147)**	11,962
Өтелетін ҚҚС-тың құнсыздануына		**123,231**	195,049
Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттардың құнсыздануына	10	**382,201**	14,866
Бірлескен кәсіпорынға 50% қатысу үлесінің істен шығуынан алынған таза табыска	7	–	(58,459)
Еншілес кәсіпорынға 100% қатысу үлесінің істен шығуынан алынған таза табыска	7	**(103,426)**	(16,708)
Негізгі құралдардың істен шығуынан алынған пайдаға		–	(670)
Барлау мен бағалау бойынша активтердің істен шығуынан келген залалға		–	9,564
Теріс бағамдық айырмаға, нетто		**194,615**	499,343
Тауарлы-материалдық қорларды өткізудің таза құнына дейін еептен шығаруға		**544,021**	–
Дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резервке	13	**2,449**	7,728
Пайдаланылмаған еңбек демалыстары бойынша резервке		**128,604**	–
Басқасына		–	(118,340)
Айналым капиталында өзгерістер болғанға дейін операциялық қызметтен келген (залал)/пайда		**(2,450,611)**	**120,305**
Тауарлы-материалдық қорлардағы өзгеріс		**(1,889,916)**	(7,486,367)
Дебиторлық берешектегі өзгеріс		**1,723,876**	1,222,692
Берілген аванстардағы өзгеріс		**229,831**	(2,810,144)
Өзге де ағымдық активтердегі өзгеріс		**432,619**	383,294
Өтелетін салықтардағы өзгеріс		**(763,517)**	(1,708,336)
Өзге де ұзақ мерзімді активтердегі өзгеріс		**(121,408)**	(103,788)
Кредиторлық берешектегі және алынған аванстардағы өзгеріс		**586,688**	2,117,774
Төленетін салықтардағы өзгеріс		**(218,277)**	283,929
Қызметкерлердің алдындағы берешектегі өзгеріс		**(68,338)**	(93,040)
Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгерістер		**95,199**	(75,659)
Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттар бойынша міндеттемелердегі өзгеріс		**(19,493)**	210,374
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс		**15,457**	12,401
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары		**(2,447,890)**	**(7,926,565)**
Пайыздық табыстарды алу		**3,218,569**	1,853,349
Төленген корпоративтік табыс салығы		**(25,337)**	(216,912)
Операциялық қызметте алынған/ (пайдаланылған) таза ақшалай қаражат		**745,342**	**(6,290,128)**

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңге	Ескерту	2017 жыл	2016 жыл
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН АҚША АҒЫНДАРЫ:			
Негізгі құралдарды сатып алу		**(14,121,443)**	(9,006,263)
Барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		**(1,164,979)**	–
Негізгі құралдарды сатып алуға аванс беру		**(584,578)**	(3,448,868)
Негізгі құралдарды сатудан келген түсім		**19,221**	–
Материалдық емес активтерді сатып алу		**(82,838)**	(36,651)
Материалдық емес активтерді сатудан келген түсім		**1,250**	–
Барлау мен бағалау бойынша активтерді сатудан алынған түсім		**23,384**	–
Банкке төленген комиссиялар мен сыйақы		**(1,168,639)**	–
Қауымдастырылған компаниядан алынған дивидендтер	11	**39,321,127**	13,795,549
Еншілес ұйымды сатудан келген түсім	7	**429,365**	186,000
Бірлескен кәсіпорынды сатудан келген түсім	7	–	60,200
Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешекті өтеу		**(93,382)**	–
Банктік салымдарды орналастыру		**(32,554,226)**	(30,281,249)
Банктік салымдарды жабу		**19,316,901**	29,444,223
Инвестициялық қызметте алынған ақшалай қаражат		**9,341,163**	**712,941**
ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН АЛЫНҒАН АҚША АҒЫНДАРЫ:			
Акцияларды шығару	16	–	8,973,135
Төленген дивидендтер	16	(5,617,478)	–
Қарыздар бойынша түсімдер		625,683	–
Алынған қарыздарды төлеу		–	(80,058)
Қаржы қызметінде (пайдаланылған)/ алынған ақшалай қаражат		**(4,991,795)**	**8,893,077**
Айырбас бағамының өзгеруінің ақшалай қаражатқа және оның баламаларына әсері		**(123,864)**	(127,827)
Ақшалай қаражаттың және оның баламаларының таза өзгерісі		**5,094,710**	3,315,890
Жылдың басындағы ақшалай қаражат және оның баламалары	14	**17,389,910**	14,201,847
Жылдың аяғындағы ақшалай қаражат және оның баламалары	14	**22,360,756**	**17,389,910**

АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ АШУ:

2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде Топ мынадай ақшалай емес операцияларды жүргізді:

Негізгі құралдар

2017 жылы негізгі құралдарға белгілі бір түсімдер 1,144,700 мың теңге сомасындағы кредиторлық берешекті ұлғайтудың есебінен жүзеге асырылды (2016 жылы: 892,689 мың теңге).

7-51 -беттердегі түсіндірме ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қаржы жөніндегі бас директор Бигожин Т.Ж.

Бас бухгалтер Касенова А.Н.

2018 жылғы 27 ақпан
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңге	Ескерту	Бас компанияның акционеріне қатысты капитал				Бақыланбай-тын иелік үлестері	Капитал, барлығы
		Жарғылық капитал	Капиталдың өзге де құрамдастары	Үлестірілмеген пайда	Барлығы		
2015 жылғы 31 желтоқсанда	16	**243,901,772**	**233,232,318**	**26,052,495**	**503,186,585**	**420,197**	**503,606,782**
Жыл ішіндегі пайда		–	–	37,458,628	**37,458,628**	(8,774)	**37,449,854**
Өзге де жиынтық табыс		–	389,650	–	**389,650**	–	**389,650**
Жыл ішіндегі жиынтық табыс, барлығы		–	389,650	37,458,628	**37,848,278**	(8,774)	**37,839,504**
Бақыланбайтын иелік үлесін сатып алу	16	–	–	331,236	**331,236**	(331,236)	–
Акцияларды шығару	16	8,973,135	–	–	**8,973,135**	–	**8,973,135**
Сатып алулар	6	–	–	(242,871)	**(242,871)**	(19,927)	**(262,798)**
2016 жылғы 31 желтоқсанда	16	**252,874,907**	**233,621,968**	**63,599,488**	**550,096,363**	**60,260**	**550,156,623**
Жыл ішіндегі пайда		–	–	56,600,477	**56,600,477**	(9,635)	**56,590,842**
Өзге де жиынтық табыс	11	–	(10,281,517)	–	**(10,281,517)**	–	**(10,281,517)**
Жыл ішіндегі жиынтық табыс, барлығы		–	(10,281,517)	56,600,477	**46,318,960**	(9,635)	**46,309,325**
Дивидендтер	16	–	–	(5,617,478)	**(5,617,478)**	–	**(5,617,478)**
2017 жылғы 31 желтоқсанда	16	**252,874,907**	**223,340,451**	**114,582,487**	**590,797,845**	**50,625**	**590,848,470**

7-51 -беттердегі түсіндірме ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қаржы жөніндегі бас директор Бигожин Т.Ж.

Бас бухгалтер Касенова А.Н.

2018 жылғы 27 ақпан
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Тау-Кен Самұрық» немесе «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы №10 Қаулысына сәйкес құрылып, 2009 жылғы 2 ақпанда акционерлік қоғам ретінде тіркелді.

2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-Ауқат Қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады. Самұрық-Қазына қорының жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») қаржылық есептілігін қамтиды.

2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мына компаниялар Топтың еншілес ұйымдары болған:

Компания	Қызметінің түрпаты	Аймақ	**2017 ж. 31 желтоқсан**	2016 ж. 31 желтоқсан
«Logic Business» ЖШС	«Қазцинк» ЖШС-іне салынған инвестицияны басқару	Астана	100%	100%
«Logic Invest Capital» ЖШС	«Қазцинк» ЖШС-іне салынған инвестицияны басқару	Астана	100%	100%
«Дана» инвестиция үйі» ЖШС	«Қазцинк» ЖШС-іне салынған инвестицияны басқару	Астана	100%	100%
«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ	Араласқан қорғасын-мырыш кенін барлау, өндіру және өңдеу	Қызылорда облысы	100%	100%
«Тау-Кен Алтын» ЖШС	«Аффинаж өндірісін құру және оны минералды-шикізат базасымен қамтамасыз ету» инвестициялық жобасының үйлестірушісі	Астана	100%	100%
«Солтүстік Қатпар» ЖШС	Вольфрам өндіру	Қарағанды облысы	100%	100%
«Tau-Ken Mining» ЖШС	Түсті металл кен орындарын барлау	Алматы облысы	100%	100%
«Tau-Ken Temir» ЖШС	Металлургиялық кремнийді және жанама өнімдерді өндіру	Қарағанды облысы	100%	100%
«Алайғыр БК» ЖШС	Полиметалл рудасын өндіру	Қарағанды облысы	100%	100%
«Тау-Кен Проект БК» ЖШС	Мыс, алтын және ілеспе құрамдастарды барлау	Қарағанды облысы	100%	100%
«Тау Кетмень» ЖШС	Құрамында алтыны бар руда кен орындарын барлау	Алматы облысы	–	100%
«Шоқпар-Гагарин» ЖШС	Құрамында алтыны бар руда кен орындарын барлау	Жамбыл облысы	100%	100%
«Тау-Кен Прогресс» ЖШС	Түсті металл кен орындарын барлау	Астана	100%	100%
«Масальский ТБК» ЖШС	Темір рудасын игеру және өндіру	Ақмола облысы	98.58%	98.58%
«Silicon mining» ЖШС	Желілік кварц өндіру	Астана	90.10%	90.10%

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және ол толығымен бақылайтын еншілес ұйымдардың қызметінің нәтижелерін қамтиды.

Компанияның тіркелген офисі мына мекенжайда орналасқан: Дінмухамед Қонаев көшесі, 8, «Б» блогы, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қызметкерлерінің саны 1,354 адам болды (2016 жылғы 31 желтоқсан: 1,090 адам).

Негізгі қызметі

Топтың қызметінің негізгі бағыттарына, басқасының ішінде, мына төмендегілер кіреді:

- қатты пайдалы қазбаларды барлау, игеру, өндіру, өңдеу және өткізу саласындағы қызметті жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының минералды шикізат кешенін ұдайы жаңғырту;
- жаңа технологияларды ендіру арқылы Қазақстан Республикасының тау-кен индустриясының әлеуетін дамыту және жер қойнауын пайдалану жобаларын іске асыруға мемлекеттің қатысуының тиімділігін арттыру.

2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Сәйкестік қағидаты

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі комитет шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Дайындау қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік бастапқы құн негізінде дайындалды.

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қазақстан теңгесімен (бұдан әрі – «теңге») көрсетілген. Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің функционалдық валютасы мен презентациясының валютасы теңге болып табылады, тек бұған функционалдық валютасы АҚШ доллары болып табылатын оның қауымдастырылған ұйымының шоғырландырылған қаржылық есептілігі жатпайды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы ескертілген жағдайлардан басқа, мыңға дейін ықшамдалған.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік ХБЕС-ке сәйкес, Топ үздіксіз қызмет қағидатын қатаң ұстанады деген жорамалдар негізге алына отырып әзірленді. Бұл жақын болашақта оның дағдылы шаруашылық қызметі барысында активтерді сату мен міндеттемелерін өтеуді болжайды.

Топ басшылығының ойынша, Топ өзінің үздіксіз қызметін жалғастыра алады. Топ өз міндеттемелерін уақтылы өтеу үшін жеткілікті мөлшерде ақшалай қаражат таба алады. Топтың басшылығында таратылуға немесе қызмет ауқымын айтарлықтай қысқартуға деген не ниет, не қажеттілік жоқ.

2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Есептеу қағидаты

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік есептеу қағидатына сәйкес дайындалған. Есептеу қағидаты бойынша шаруашылық операциялардың нәтижелерінің, сондай-ақ төлем уақытына қарамастан оқиғалардың жасалу фактісі бойынша олардың танылуы топшыланады. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте бейнеленіп, тиісті кезеңдердің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне кіргізіледі.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің элементтерін тану

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке шоғырландырылған қаржылық есептіліктің элементтері болып табылатын барлық активтер, міндеттемелер, капитал, табыс пен шығын кіргізілген. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық элементтері сызықтағы баптар түрінде ұсынылған. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бірнеше элементін бір бапқа біріктіру Топтың қызметіндегі олардың сипаттамасы (функциялары) ескеріліп жүзеге асырылған. Ұқсас баптардың әр елеулі жіктелімі шоғырландырылған қаржылық есептілікте жеке көрсетіледі. Ұқсамайтын сипаттағы немесе мақсаттағы баптар тек елеулі болса ғана, бір бапта көрсетіледі.

Шетел валютасын қайта есептеу

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде функционалды валютадан ерекшеленетін шетелдік валютада жасалған мәмілелер олар іске асырылған күннің бағамы бойынша бейнеленеді. Шетелдік валютада көрсетілген ақшалай баптар шоғырландырылған есептілік құрастырылған мерзімдегі тиісті валюта бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валютада есептелетін және әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құны анықталатын күнге қарай кезеңдегі айырбас бағамы бойынша қайта есептелуге жатады. Шетелдік валютада көрсетілген, әрі ағымдағы тарихи құны бойынша бейнеленген ақшалай баптар қайта есептелмейді.

Қазақстан Қор Биржасының (бұдан әрі – «ҚҚБ») негізгі сессиясында қалыптасқан орташа есептелген айырбас бағамдары Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде пайдаланылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті құрастыру кезінде Топ пайдаланған ҚҚБ валюта айырбас бағамдары мына төмендегідей:

Теңгемен	**2017 жылғы 31 желтоқсан**	2016 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	**332.33**	333.29
Еуро	**398.23**	352.42

Шоғырландыру қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және Компания бақылайтын ұйымдардың (1-ші ескертуде көрсетілген) қаржылық есептілігінен тұрады.

Еншілес ұйымдар Топ бақылауына өткен кезден бастап шоғырландырылады және Топ бақылауынан шыққан кезден бастап шоғырландырылуы тоқтатылады. Атап айтқанда, жыл ішінде сатылған еншілес ұйымдардың табыстары мен шығындары бақылауға алу және бақылаудан шығару күні аралығындағы пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есебіне енгізіледі.

Топ келесі жағдайларда бақылау жүргізе алады:

- ұйымды басқару құзіреттілігі болған жағдайда;
- ұйымның қызметінің құбылмалы нәтижелеріне қатысты тәуекелдерді басқаруға құқығы болғанда; және
- ұйым қызметінің құбылмалы нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен басқару құзыреттілігін қолдануы мүмкін болған жағдайда.

2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шоғырландыру қағидаттары (жалғасы)

Бақылаудың бір немесе бірнеше элементінің өзгеруіне сілтейтін деректер немесе жағдайлар туындағанда Топ бақылаудың бар немесе жоқ екендігіне қайта бағалау жүргізеді.

Топ ұйымның елеулі қызметін жеке-дара бақылауға мүмкіндік беретін оған тиесілі дауыс беру құқығы бар болған жағдайда дауыстың көпшілін иеленбегеніне қарамастан ұйымды басқара алады. Топ бақылауды қамтамасыз ететін дауыс беру құқығы барабарлығын бағалау кезінде басқару құзыретіне қатысты барлық елеулі деректер мен жағдайларды қарастырады, соның ішінде:

- Топтың өзге дауыс беру құқығын иеленушілермен салыстырғанда дауыс беру құқығының үлесі;
- Топқа, басқа дауыс беру құқығын иеленушілерге және өзге тұлғаларға тиесілі потенциалды дауыс беру құқығы;
- шарттан туындайтын құқықтар; және
- Топта ұйымның маңызды қызметін, осы қызметке қатысты басқарушылық шешім қабылдау қажет болған сәттерде (соның ішінде өткен жиылыстардағы дауыстардың үлестірілімі туралы) басқару мүмкіншілігі бар екендігіне сілтейтін кез-келген қосымша деректер мен жағдайлар.

Пайда мен залал және өзге де жиынтық табыстың әрбір құрамдасы меншік иелері мен бақыланбайтын меншік үлесі иелері арасында үлестіріледі (бөлінеді). Бақыланбайтын меншік үлесіне байланысты теріс мәнді қалдықтың қалуына әкелуі мүмкін болса да, еншілес ұйымдардың жалпы жиынтық пайдасы мен залалы меншік иелері мен бақыланбайтын меншік үлесі иелері арасында үлестіріледі.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі сол есепті кезең бойынша бас компанияның есептілігіндегі Топтың бухгалтерлік есеп саясатын дәйекті түрде қолдану негізінде дайындаған. Барлық топаралық операциялар, қалдықтар және операциялар бойынша үлестірілмеген пайда (жабылмаған залал) шоғырландыру барысында алынып тасталады.

Бақыланбайтын иелік үлестері

Бақыланбайтын иелік үлестері бас компанияның Акционеріне тура немесе жанама түрде жатқызылмайтын еншілес кәсіпорындағы капиталға қатысу үлестері болып табылады.

Бақыланбайтын иелік үлестері пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте бөлек көрсетіледі, ал қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте - меншікті капитал құрамында, бас компанияның акционерлік капиталынан бөлек көрсетіледі.

Топтың иелік үлестерінің өзгеруі

Топтың еншілес ұйымдардағы иелік үлестерінің бақылаудан айырылуға әкелмей өзгеруі капиталда есепке алынады. Топтың үлестерінің және бақыланбайтын иелік үлестерінің баланстық құны бұл үлестердің арақатынасының өзгеруі ескеріліп түзетіледі. Бақыланбайтын иелік үлестерін түзету сомасының және төленген не алынған сыйақының әділ құнының арасындағы кез келген айырмашылықтар Топтың капиталында бейнеленеді.

Топ еншілес кәсіпорынды бақылаудан айырылған жағдайда оның істен шығуынан болатын пайда немесе залал пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте танылады әрі қалған үлестің баланстық құны және еншілес кәсіпорынның активтері мен міндеттемелерінің, сондай-ақ бақыланбайтын иелік үлестерінің баланстық құнының (гудвиллді қосып алғанда) арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі. Бұрын өзге де жиынтық табыста бұл еншілес кәсіпорынға қатысты танылған барлық сомалар Топ еншілес кәсіпорынның тиісті активтерін немесе міндеттемелерін тікелей сатқан жағдайдағыдай есепке алынады. Бұрынғы еншілес кәсіпорынға салынған қалған инвестициялардың әділ құны бақылаудан айырылған күні қаржы активі «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХБЕС-ке (бұдан әрі – «39 ХБЕС») сәйкес бастапқыда танылған кезде бұл активтің әділ құны ретінде немесе қауымдастырылған не бірлескен кәсіпорындағы активтің бастапқы құны ретінде қабылданады.

2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қауымдастырылған ұйымдарға салынған инвестициялар

Егер Топ ұйымның операциялық және қаржылық қызметіне елеулі әсер етсе, ұйым қауымдастырылған болып табылады. Елеулі әсер дегенде ұйымның қаржылық және операциялық қызметіне қатысты шешім қабылдауға қатысу құқығы топшыланады, бірақ мұндай қызметті бақылау немесе бірлесіп бақылау топшыланбайды

Топ қауымдастырылған ұйымдарға салынған инвестицияларды үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алады. Үлестік қатысу әдісі бойынша қауымдастырылған ұйымдарға салынған инвестициялар бастапқыда қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте сатып алу құны бойынша бейнеленеді және кейіннен қауымдастырылған ұйымның пайдасы мен залалындағы және өзге де жиынтық табысындағы Топтың үлесі ескеріле отырып түзетулер енгізіледі. Бұл ұйымдардағы Топтың иелік үлесі (Топтың таза инвестицияларының бір бөлігін құрайтын кез келген ұзақ мерзімді иелік үлесі) оның залалындағы үлесінен артық болса, Топ оның кейінгі залалдағы үлесін тануды тоқтатады. Қауымдастырылған ұйымдардың пайдасы мен залалындағы Топтың үлесі Топтың пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есебінде бейнеленеді. Қосымша залалдар тек Топтың залалдағы артылған үлесін өтеу бойынша міндеттемесі немесе Топ қауымдастырылған ұйымның атынан төлем жасаған жағдайда ғана танылады.

Қауымдастырылған ұйымдарға берілген пайызсыз қаржылық көмектің әділ құнына дейін түзетілуі шоғырландырылған қаржылық есептілікте бұл инвестицилардың құнының ретінде есепке алынады.

Егер Топ қауымдастырылған ұйымдардағы қатысу үлесін азайтса, бірақ үлестік қатысу әдісін қолдануды жалғастырса, онда егер тиісті активтерді немесе міндеттемелерді сату кезінде қайта жіктеу қажет болған болса, Топ бұрын өзге де жиынтық табыста немесе залалда танылған сомалардың барабар бөлігін пайда немесе залал деп қайта жіктейді.

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер

Ұзақ мерзімді активтер немесе шығаруға арналған активтер тобы сатуға арналған активтер ретінде жіктеледі, ал олардың баланстық құны негізінен оларды өндірістік қызметте пайдалану кезінде емес оларды сату кезінде өтеледі. Ұзақ мерзімді активтерді (немесе шығаруға арналған топ) сатудың жалпы қабылданған шарттарына сәйкес, оның ағымдығы күйінде сатылуы мүмкін және сату ықтималдығы жоғары болса, осы шарт орындалды. Басшылық активтерді сатуға арналған активтер ретінде жіктеген кезден бастап бір жыл мерзімі ішінде сатуы тиіс. Оқиғалардың немесе мән-жайлардың әсерімен сатудың аяқталу кезеңі бір жылдан асуы мүмкін. Сатуды аяқтау үшін қажет етілетін кезең ұлғайғанда, егер кідірістің себебі кәсіпорынның бақылауынан тыс оқиғалар немесе мән-жайлар болса және кәсіпорын активті (немесе шығатын топты) сату жоспарын орындауын жалғастыратынының жеткілікті дәлелі болса, бұл активті (немесе шығатын топты) сатуға арналған актив ретінде жіктеуге кедергі болмайды.

Егер Топ еншілес кәсіпорынның бақылау пакетін сату жоспарын қабылдаса, өз активтері мен міндеттемелерін жоғарыда аталған критерийлерді орындаған жағдайда, бұрынғы еншілес кәсіпорындарындағы бақыланбайтын иелік үлесін сақтап қалғанына қарамастан сатуға арналған ретінде қайта жіктеуді жүргізеді. Егер Топ қауымдастырылған кәсіпорынға салынған салымды немесе оның бір бөлігін сатуды жорамалдайтын сату жоспарын орындаса, жоғарыда аталған критерийлерді орындаған жағдайда сатылатын салым немесе оның бір бөлігі сатуға арналған ретінде қайта жіктеледі және Топ сатуға арналған салымға қатысты үлестік қатысу әдісін қолдануды тоқтатады. Қауымдастырылған кәсіпорынға салынған салымның қалған бөлігі сатуға арналған ретінде қайта жіктелмейді және үлестік қатысу әдісі бойынша көрсетіле береді. Еншілес ұйымның Топтан шығуының нәтижесінде қауымдастырылған кәсіпорынға тигізер елеулі ықпалын жоғалтуына әкелсе, Топ үлестік қатысу әдісін қолдануды тоқтатады.

2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер (жалғасы)

Шығу іске асқаннан кейін Топ бұрынғы қауымдастырылған кәсіпорынға қалған қатысу үлесін 39 ХБЕС-ке сәйкес бейнелейді. Ал егер кәсіпорын қауымдастырылған кәсіпорын болып қала берсе, Топ үлестік қатысу әдісін қолдануды жалғастырады.

Сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активтер (істен шығатын активтер топтары) мына екі шаманың ең кішісі: а) қайта жіктеу жүргізілген кездегі баланстық құны, және б) сатуға кеткен шығынды шегергендегі әділ құны бойынша бағаланады.

Бизнестің біріктірілуі

Бизнестің біріктірілуі сатып алу әдісін пайдаланып есепке алынады. Сатып алудың құны сатып алу күнінде әділ құны бойынша бағаланып табысталған өтемнің және сатып алынатын ұйымдағы бақыланбайтын иелік үлесінің қосынды сомасы ретінде бағаланады. Бизнестің әрбір біріктірілуі үшін Топ сатып алынатын ұйымдағы бақыланбайтын иелік үлесін сатып алынатын ұйымның таза активтерінде сәйкестендірілетін үйлесімді үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шығыстар олар болған кездегі жалпы және әкімшілік шығындар құрамына кіргізіледі.

Егер Топ бизнесті сатып алса, ол шарттың талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдаяттарға байланысты сатып алынған қаржылық активтер мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде жіктейді және белгілеп қояды. Бұған сондай-ақ бизнесті сатып алып отырған ұйымның негізгі шарттарға кіріктірілген туынды құралдарды бөліп шығаруы қажет не қажет емес екендігін анықтау бойынша талдау жасау жатады.

Бизнес кезең-кезеңімен біріктірілетін жағдайда, сатып алу күнінде сатып алынып отырған ұйымдағы бұрын сатып алушыға тиесілі болған қатысу үлесінің әділ құны бұл күндегі оның әділ құны бойынша қайта бағаланады да, айырмасы пайданың немесе залалдың құрамына жатқызылады.

Сатып алушы беруге тиіс шартты өтем сатып алу күніндегі әділ құны бойынша танылады. Қаржы құралы болып табылатын және *«Қаржы құралдары: тану және бағалау»* 39-ХБЕС-тің қолданылу аясына жататын, актив немесе міндеттемелер ретінде жіктелетін шартты өтем әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнындағы өзгерістер пайданың не залалдың құрамында танылады, немесе өзге де жиынтық табыстың өзгеруі ретінде танылады. Егер шартты өтем 39-ХБЕС-тің қолданылу аясына жатпаса, ол қолданылатын басқа ХҚЕС бойынша бағаланады. Егер шартты өтем меншікті капитал ретінде жіктелсе, онда кейіннен ол қайта бағаланбайды, және оның өтелуі капиталдың құрамында бейнеленеді.

Гудвилл алғашқыда бастапқы құны бойынша бағаланады, ол берілген өтемнің және танылмаған бақыланбайтын иелік үлесінің және бұрын сатып алушыға тиесілі болған иелік үлестерінің қосынды сомасының Топ сатып алған сәйкестендірілетін активтердің және оның қабылдаған міндеттемелерінің сомасынан асып кетуі ретінде анықталады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтемнің сомасынан асып кетсе, Топ барлық сатып алынған барлық активтердің және қабылданған барлық міндеттемелердің дұрыс анықталғанын, сондай-ақ сатып алу күнінде танылуға тиіс сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған рәсімдерді қайталап талдайды. Егер қайталап талдау жасағаннан кейін берілген өтем сатып алынған таза активтердің әділ құнынан тағы да аз болып шықса, онда тиімді сатып алудан түскен пайда пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Кейіннен гудвилл құнсызданудан жинақталған залалды шегергендегі бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде алынған гудвиллды құнсыздануы жағынан тексеру мақсатында, Топ еншілес ұйымды сатып алған күннен бастап гудвилл ақша ағындарын жасайтын, бизнестің біріктірілуінен тиімділік алады деп болжанып отырған Топтың әрбір бөлімшесіне үлестіріледі, бұл орайда еншілес ұйымның басқа активтерінің немесе міндеттемелерінің аталған бөлімшелерге жататын-жатпайтыны назарға алынбайды.

2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Бизнестің біріктірілуі (жалғасы)

Егер гудвилл ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің бір бөлігін құраса және бұл бөлімшенің бір бөлігі істен шықса, онда істен шығатын қызметке жататын гудвилл бұл қызметтің істен шығуынан келген пайданы немесе залалды айқындау кезінде оның баланстық құнына кіргізіледі. Бұл жағдайда істен шыққан гудвилл істен шыққан қызметтің құнының және бөлімшенің ақша ағындарын жасайтын қалған бөлігінің құнының арақатынасы негізінде бағаланады.

Ортақ бақылаудағы бизнесті біріктіру

Ортақ бақылауда тұрған тараптардан (түпкі бір Акционер бақылайтын ұйымдар) еншілес ұйымдарды сатып алудың есебі үлестерді біріктіру әдісі бойынша жүргізіледі.

Ортақ бақылауда тұрған, алынған еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте табыстау күніндегі табыстаушы компанияның (бұрынғы меншік иесінің) есептілігіндегі олардың баланстық құны бойынша бейнеленеді. Ұйымның бұрынғы иесі оны бастапқыда сатып алған кезінде пайда болған гудвилл да осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Таза активтердің, соның ішінде бұрынғы меншік иесінің гудвиллының жалпы баланстық құнының және төленген қаражат сомасының арасындағы айырма осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте капиталдың түзетілуі ретінде есепке алынады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ еншілес ұйымды оны бастапқы меншік иесі бастапқы сатып алған күні сатып алғандай жағдай негізге алынды.

3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН СТАНДАРТТАРЫ

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Топ 2017 жылғы 1 қаңтарда немесе бұл күннен кейін басталатын жаңа жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін кейбір жаңа стандарттарды және қолданыстағы стандарттарға енгізілген түзетулерді алғаш рет қолданды. Топ шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ. Әр түзетудің сипаты мен тигізетін әсері төменде қарастырылған:

«Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп» 7 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Ақпаратты ашу саласындағы бастама»

Түзетулер бойынша ұйымның қаржы қызметіне байланысты міндеттемелеріндегі өзгерістер туралы ақпаратты, соның ішінде ақша ағындарына байланысты болған өзгерістерді, сол сияқты оларға байланыссыз өгерістерді (мысалы, валюта бағамдарының өзгеруінен келген пайдасын немесе залалын) ашып көрсетуі талап етіледі. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

«Пайдаға салынатын салық» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Өткізілмеген залалдарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану»

Түзетулерде салық заңнамасының салық салынатын, ол өткізілмеген залладарға байланысты осындай шегерілетін уақыт айырмасын қалпына келтіру кезінде оған қарсы шегерімдер жасай алатын пайданың көздерін шектейтінін не шектемейтінін ұйымның есепке алуға тиіс екені түсіндіріледі. Сонымен қатар, түзетулерде ұйымның салық салынатын болашақ пайданы қалай анықтауға тиіс екеніне қатысты нұсқаулар қамтылған және салық салынатын пайдада кейбір активтердің өздерінің баланстық құнынан асатын сомада өтелуі қарастырылуы мүмкін болатын жағдайлар сипатталған.

Топ түзетулерді ретроспективалық түрде қолданды. Алайда олардың қолданылуы Топтың қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне әсер еткен жоқ, себебі Топтың бұл түзетулердің қолданылу саласына жататын шегерілетін уақыт айырмалары немесе активтері жоқ.

3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдіру, 2014-2016 жж. кезеңі
«Басқа ұйымдарға қатысуы туралы ақпаратты ашу» 12 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «12 ХҚЕС-те (IFRS) ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын талаптардың қолданылу саласын түсіндіру»

Түзетулерде 12 ХҚЕС-те (IFRS) ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын талаптар, B10-B16 тармақтарында сипатталғандарынан басқа, ұйымның еншілес ұйымдағы, бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан ұйымдағы қатысу үлесіне (немесе бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан ұйымдағы қатысу үлесінің бөлігіне) қатысты қолданылатыны түсіндіріледі, ол сатуға арналған деп жіктеледі (немесе істен шығатын, сатуға арналған деп жіктелетін топтың құрамына кіргізіледі). Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС - шығарылғандары, алайда күшіне енбегендері

Төменде Топтың қаржылық есептілігі шығарылған күні шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтірілген. Топ бұл стандарттарды олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниеттеніп отыр.

- «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсімдер» 15-ХҚЕС[1];
- «Жалгерлік» 16-ХҚЕС[2];
- «Қаржы құралдары» 9-ХҚЕС[1].

[1] *Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты әрекет етеді.*
[2] *Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты әрекет етеді.*

«Қаржы құралдары» 9-ХҚЕС (IFRS)

2014 жылдың шілдесінде ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Қаржы құралдары» 9-ХҚЕС-інің (IFRS) түпкілікті редакциясын шығарды, ол «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39-ХҚЕС-ін (IAS) және 9-ХҚЕС-інің (IFRS) барлық бұрынғы редакцияларын алмастырады. 9-ХҚЕС (IFRS) қаржы құралдарының есебін жүргізу жөніндегі жобаның: жіктеу және бағалау, құнсыздану және хеджирлеудің есебі деген үш бөлігін біріктіреді. 9-ХҚЕС (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе бұл күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте оны мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Топ жаңа стандартты ол күшіне енетін талап етілген күннен бастап қолдана бастауды жоспарлап отыр және салыстырмалы ақпаратты қайта есептемейді. 2017 жылы Топ 9-ХҚЕС-інің (IFRS) барлық үш бөлігінің әсеріне егжей-тегжейлі бағалау жүргізді. Бұл бағалау қазіргі уақытта қолжетімді ақпаратқа негізделіп отыр және Топ 9-ХҚЕС-ін (IFRS) қолдана бастайтын 2018 жылы Топ үшін қолжетімді болатын қосымша және расталған қосымша ақпараттың алынуы салдарында өзгертілуі мүмкін. Жалпы алғанда, Топ жаңа талаптар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепке және меншікті капиталға елеулі әсер етеді деп болжамайды.

3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС - шығарылғандары, алайда күшіне енбегендері (жалғасы)

«Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсімдер» 15-ХҚЕС (IFRS)

15-ХҚЕС (IFRS) 2014 жылдың мамырында шығарылды, ал 2016 жылдың сәуірінде оған түзетулер енгізілді. Стандарт бойынша сатып алушылармен шасалған шарттар бойынша түсімге қатысты қолданылатын, бес кезеңнен тұратын модель көзделеді. 15-ХҚЕС (IFRS) бойынша түсім ұйым тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға табыстауға айырбас соған қатысты құқық алады деп күтілетін өтеу ақысын бейнелейтін сомада танылады.

Түсім жөніндегі жаңа стандарт түсімді тануға қатысты ХҚЕС-тің қазіргі барлық талаптарын алмастырады. 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе бұл күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін оны толық ретроспективалық қолдану немесе модификацияланған ретроспективалық қолдану талап етілетін болады; бұл орайда мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Топ жаңа стандартты толық ретроспективалық қолдануды ол күшіне енетін талап етілген күннен бастап пайдалануды жоспарлап отыр. 2016 жылы Топ 15-ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың салдарын алдын ала талдауды жүргізе бастады, содан соң неғұрлым егжей-тегжейлі талдау жүргізіліп, 2017 жылы аяқталды.

Топтың басшылығы «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсімдер» 15-ХҚЕС-інің (IFRS) қолданылуы болашақта Топтың қаржы активтері мен міндеттемелерінің сомаларына елеулі әсер етеді деп болжамайды.

«Жалгерлік» 16-ХҚЕС (IFRS)

Топ басшылығының пікірінше, «Жалгерлік» 16-ХҚЕС-інің (IFRS) қолданылуы болашақта жалгерліктің есебін жүргізуге әсер етпейді. Дегенмен егжей-тегжейлі талдау жүргізілгенге дейін «Жалгерлік» 16-ХҚЕС-ін (IFRS) қолданудың әсерін бағалау мүмкін болмай отыр.

Басшылықтың топшылауы бойынша, басқа стандарттардың қолданылуы олар алғаш қолданылған кезеңде шоғырландырылған қаржылық есептілікке елеулі әсер етпейді.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Барлау мен бағалау бойынша активтер

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын сатып алу бойынша шығыстар

Жер қойнауын пайдалану (барлау мен өндіру) құқықтарын сатып алу бойынша шығыстар қол қойылатын бонустарды, тарихи шығыстарды, экологиялық және әлеуметтік бағдарламаларға міндетті шығындарды қамтиды және барлау мен бағалау кезеңінде кен орны бойынша жер қойнауын пайдалану құқықтары ретінде капиталға айналдырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын сатып алу бойынша шығыстардың есебі кен орындары тұрғысында жүргізіледі. Әр кен орны жыл сайын құнсыздануы жағынан қарастырылады. Кен орны бойынша болашақта жұмыстар жүргізу жоспарланбаған жағдайда, жер қойнауын пайдалану құқықтарын сатып алу бойынша шығыстардың қалған сальдосы есептен шығарылады. Кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап жер қойнауын пайдалану құқықтары минералды ресурстардың дәлелденген қорларының жалпы сомасына негізделіп, өндірістік әдіс бойынша нақты өндіру бойынша амортизацияланады.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Барлау мен бағалау бойынша активтер (жалғасы)

Барлау мен бағалау бойынша шығыстар

Барлау мен бағалау бойынша шығыстар геологиялық және геофизикалық шығындарды; тікелей бұрғылау жұмыстарына жататын шығыстарды; аршу жұмыстарын; нақты кен орнына жатқызуға болатын бағалау бойынша жалпы және әкімшілік және өзге де шығындарды қамтиды. Мұндай шығыстарға еңбекақы, материалдар мен отын, бұрғылау станоктарын жалға алу құны және мердігерлерге жасалатын төлемдер кіреді. Егер минералдық ресурстар табылмаса, бұл құнсыздануды айғағы болуы мүмкін. Барлық капиталға айналдырылған шығыстарға кем дегенде жылына бір рет техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеру жүргізілуге тиіс, мұндағы мақсат – коммерциялық игеру немесе ашылған кеннен пайда алудың қандай да бір тәсілін жасау ниетінің бар екенін қуаттау. Басқаша болған жағдайда шығыстар кезеңнің шығындары есебіне жазылады.

Минералдық ресурстардың қорлары дәлелденген және игеруді жалғастыру туралы шешім қабылданған жағдайда тиісті шығыстар тау-кен активтерінің құрамына *ауыстырылады*.

Тау-кен активтері

Игеру мен өндіру бойынша шығыстар

Игеру мен өндіру бойынша шығыстар бұрын капиталға айналдырылған (және игерудің басында жіктеуі өзгертілген) жер қойнауын игеру құқықтарын сатып алу бойынша шығыстарды және барлау мен бағалау бойынша шығыстарды; полигондардың құрылысын салу; кен орындарында минералдық ресурстарды өндіру, жинау және дайындау үшін қажетті жерүсті технологиялық құрылыстарын жасау шығыстарын; кен орындарында коммерциялық өндіруді ұйымдастыру барысында болған өзге де шығыстарды; кеніштерді консервациялау және жер телімдерін қалпына келтіру бойынша капиталға айналдырылған дисконтталған шығыстарды қамтиды. Игеру мен өндіру бойынша шығыстар негізгі құралдардың (тау-кен активтерінің) құрамында капиталға айналдырылады, және олардың есебі кен орындары тұрғысында жүргізіледі.

Тау-кен активтерінің тозуы (негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құрамында)

Тау-кен активтері кен орындарында коммерциялық өндіру басталған кезден бастап нақты өндіру бойынша тозуды есептейтін өндірістік әдіс пайдаланылып амортизацияланады. Кен орындарын іске пайдаланудан шығару бойынша дисконтталған шығыстарды қамтитын жер қойнауын пайдалану құқықтарын сатып алу бойынша шығыстар дәлелденген қорлардың жалпы сомасы бойынша амортизацияланады. Кен орындарын игеру бойынша қалған шығыстар дәлелденіп игерілген қорлардың есебіне негізделіп амортизацияланады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған тозуды және құнсыздану бойынша жинақталған залалды (болған жағдайда) шегергендегі бастапқы құны бойынша есепке алынады. Мұндай құнға жабдықтың бөліктерін ауыстырудың құны және ұзақ мерзімді құрылыс салу жобалары жағдайында қарыздар бойынша шығыстар кіреді (егер оларды капиталға айналдыру критерийлері орындалса). Белгілі бір уақыт аралықтарынан кейін негізгі құралдардың елеулі құрамдастарын ауыстыру қажет болған жағдайда Топ ондай құрамдастарды оларға сәйкес келетін пайдалы қызметтің жеке мерзімдері бар жеке активтер ретінде таниды және оларды тиісті түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық тексеру жүргізген кезде оған байланысты шығыстар, егер танудың барлық критерийлері орындалса, негізгі құралдардың баланстық құнында жабдықты ауыстыру ретінде танылады.

Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық өзге де шығыстар олар болған сәтте пайда немесе залал құрамында танылады. Активті пайдаланғаннан кейін оны іске пайдаланудан шығару бойынша болжамды шығыстардың келтірілген құны, егер резервті болашақ шығындар деп танудың тиісті критерийлері орындалса, тиісті активтің бастапқы құнына кіргізіледі. Тозу, негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзіміне негізделіп, тура әдіспен есептеп шығарылады. Кейбір активтердің есептелген пайдалы қызмет мерзімі төмендегідей көрсетілген:

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Негізгі құралдардың жіктелуі	Пайдаланылу мерзімі
Ғимараттар мен құрылыстар	8 – 50 жыл
Машиналар мен жабдық	3 – 20 жыл
Көлік құралдары	7 – 9 жыл
Компьютерлер	3 – 10 жыл
Өзгесі	3 – 10 жыл

Активтер сатылғанда немесе істен шыққанда олардың құны және жинақталған тозу шығынға жазылады, ал олардың істен шығуының нәтижесінде түзілетін кез келген пайда немесе залал пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепке кіргізіледі.

Негізгі құралдар іске пайдалануға берілгеннен кейін болған шығыстар, айталық, ағымдағы жөндеу мен қызмет көрсету шығыстары, әдетте бұл шығыстар туындаған тиісті кезеңнің шығындарына жатқызылады. Негізгі құралды пайдаланудан келеді деп күтілетін болашақ экономикалық тиімділіктің бастапқыда бағаланған көрсеткіштерінен артуына (пайдалы қызмет мерзімінің, қуаттылығының және т.с. артуы) әкелетін шығыстар негізгі құралдардың қосымша құны ретінде капиталға айналдырылады.

Негізгі құралдың тарату құны, пайдалы қызмет мерзімі және тозуын есептеу әдісі әр қаржылық жылдың соңында қайта қаралып, қажеттілік болған жағдайда перспективалық түрде түзетіледі.

Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті кезеңге Топ барлау мен бағалау бойынша активтердің, тау-кен активтерін қоса алғанда негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардың және қауымдастырылған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың (бұдан әрі – «ұзақ мерзімді активтер») баланстық құнының құнсыздану белгілерінің бар-жоғына тексеру жүргізеді. Осындай белгілер байқалған жағдайда құнсызданудан болған залал мөлшерін (егер ондай бар болса) айқындау мақсатында тиісті ұзақ мерзімді активтің өтелетін құны есептеледі. Өтелетін құн, сатуға жұмсалатын шығыстарды шегергенде, активтің әділ құнының немесе пайдалану құнының арасындағы ең үлкені ретінде айқындалады. Пайдаланудың құнын бағалау кезінде болашақ ақша ағындары салық салынғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалану жолымен ағымдағы құнына дейін дисконталады. Ал бұл, басшылықтың пікірінше, ақшаның уақыттағы құнының ағымдағы нарықтық бағалануын және осы активке тән тәуекелдерді көрсетеді.

Егер активтің өтелетін құны оның баланстық құнынан төмен болып шықса, онда осы активтің баланстық құны өтелетін құнына дейін төмендетіледі. Құнсызданудан болған залал бірден пайда мен залалдар есебінде көрсетіледі. Құнсызданудан болған залал кейін қалпына келтірілген жағдайда, активтің баланстық құны оның өтелетін құнын жаңадан бағалау нәтижесінде алынған сомаға дейін артады, бұл орайда оның жаңа баланстық құны, егер осы актив бойынша алдыңғы жылдардағы құнсызданудан болған залал бейнеленбесе, анықталатын баланстық құнынан асып кетпеуге тиіс. Құнсызданудан болған шығынның қалпына келтірілуі пайда мен залал есебінде бірден көрсетіледі.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залал шегерілгеннен кейін өзіндік құны бойынша есепке алынады. Материалдық емес активтердің амортизациясы тура әдіс бойынша есептеп шығарылады және актив пайдалануға дайын болған кезден басталады. Материалдық емес активтер келісімшарт аясындағы немесе басқа құқықтардан келіп шыққан жағдайда немесе олар бөлінетін активтер болса, яғни оларды жеке немесе басқа активтермен бірге сатуға болатын болса, есеп жүргізуге болатын деп саналады.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Материалдық емес активтер (жалғасы)

Материалдық емес активтерге жер қойнауын пайдалану құқықтары және басқа да материалдық емес активтер кіреді. Жер қойнауын пайдалану құқықтары кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап нақты өндіру бойынша тозуды есептеудің өндірістік әдісі қолданылып амортизацияланады. Басқа материалдық емес активтерге бағдарламалық жасақтамаға лицензия кіреді. Амортизация материалдық емес активтердің есептік 1-10 жыл пайдалы қолданылу мерзімі негізге алынып тура әдістің негізінде есептеледі.

Болжамды пайдалы қызмет мерзімдері, тарату құны және амортизацияны есептеу әдісі әр жылдың соңында талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Қаржы құралдары

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер операция жүргізілген күнге қарай есептеу қағидаты бойынша танылады.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер алғашында өзіндік құны бойынша бағаланады, ол мәмілені жасауға тікелей байланысты мәміле бойынша шығыстарды қосканда немесе шегергенде, алынған немесе төленген сыйақының әділ құны болып табылады, және кейіннен олар әділ немесе амортизациялық құны бойынша бейнеленеді.

Әділ құн әдетте ресми нарықтық баға белгіленімдеріне сілтеме жасалып анықталады. Нарықтық баға белгіленімдеріне қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, әділ құн нарықтық мәліметтерге негізделетін болашақ ақша ағындарын дисконттау сияқты жалпы қабылданған бағалау әдістерін қолдана отырып анықталады.

Амортизациялық құн тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану жолымен бағаланады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – борышқорлық құралды өтегенге дейінгі болжалды мерзімдегі немесе (қолдану мүмкін болса) борышқорлық құралды есепке қабылдаған сәттегі баланстық құнына дейінгі анағұрлым қысқа мерзімге болжалды ақша ағындарын (оның ішінде тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып саналатын борышқорлық құрал бойынша алынған немесе атқарылған төлемдер, мәмілені рәсімдеу бойынша шығындар және өзге де сыйақылар не дисконттар) дисконттау мөлшерлемесі.

Қаржылық активтердің жіктелімі және одан кейінгі бағалануы

Кейіннен бағалау мақсатында қаржылық активтер, хеджерлеу құралдары болып анықталған және танылғандарынан басқа, бастапқыда тану кезінде мынадай санаттарға жіктеледі:

- қарыздар мен дебиторлық берешек;
- пайда немесе залал арқылы әділ құны (ПЗАӘҚ) бойынша бағаланатын қаржылық активтер;
- өтелгенге дейін ұсталатын (ӨДҰ) инвестициялар;
- сату үшін қолда бар (СҮҚ) қаржылық активтер.

ПЗАӘҚ бойынша бағаланатындарынан басқа барлық қаржылық активтер ең болмағанда әр есепті күні құнсыздану жағынан бағалануға тиіс, бұл қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануының объективті дәлелдерін айқындау үшін қажет. Құнсыздануды айқындау үшін қаржылық активтердің әр санаты үшін төменде сипатталған әр түрлі критерийлер қолданылады.

Қаржылық активтерге жататын, кезеңнің пайдасында немесе залалында бейнеленетін барлық табыстар мен шығындар қаржылық шығындарда, қаржылық табыстарда немесе өзге де қаржылық баптарда көрсетілген, тек бұған дебиторлық берешектің құнсыздануы жатпайды – ол активтердің құнсыздануна байланысты залалдар құрамында ашып көрсетілуге тиіс.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтердің жіктелімі және одан кейінгі бағалануы (жалғасы)

Топтың ол бастапқы тану кезінде өтелгенге дейін ұсталатын және сату үшін қолда бар, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатындар ретінде анықтаған қаржылық активтері жоқ.

Қарыздар мен дебиторлық берешек олар бойынша төлемдері белгіленген немесе анықталатын, белсенді нарықта бағасы белгіленбейтін туынды емес қаржылық активтер болып табылады. Бастапқы танудан кейін осы сияқты қаржылық активтер амортизациялық құны бойынша бағаланады, ол құнсызданудан болған залалды шегергендегі тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып анықталады. Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттар немесе сыйлықақы, сондай-ақ комиссиялық шығыстар немесе тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын өзге де шығыстар ескеріліп есептеп шығарылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық табыстар құрамына кіргізіледі. Құнсыздануға байланысты болған шығын пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыстар құрамында танылады.

Қаржылық активтер

Ақшалай қаражат және оның баламалары

Ақшалай қаражат және оның баламалары кассадағы қолма-қол ақшадан, ағымдағы шоттарда және өтеу мерзімі құрылған күннен бастап тоқсан күннің ішінде басталатын банктік депозиттерде жатқан және қандай да бір шарт аясындағы міндеттемелермен ауыртпалық салынбаған қаражаттан тұрады.

Қысқа мерзімді банктік салымдар

Қысқа мерзімді банктік салымдар бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын, бірақ он екі айға жетпейтін салымдарды қамтиды.

Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек күмәнді берешектер бойынша резервті шегергендегі төлеуге берілген шоттардың сомалары бойынша танылады және бухгалтерлік есепте бейнеленеді.

Тануды тоқтату

Қаржылық актив (немесе, қолданылытын жерде – қаржылық активтің бір бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігі) келесі жағдайларда баланста танылуын тоқтатады:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- Топ активтен ақша ағындарын алу құқығын үшінші тарапқа бергенде немесе «транзиттік» келісім бойынша ақша ағындарын толық көлемде және еш кешіктірмей үшінші тарапқа төлеу міндеттемесін өзіне алғанда; және
- немесе (а) Топ барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайданы бергенде, немесе (б) Топ барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайданы бермегенде және сақтап қалмағанда, дегенмен аталған активті бақылау фунциясын табыстаған жағдайда.

Егер Топ активтен ақша ағындарын алу құқығын үшінші тарапқа берген немесе транзиттік келісім жасасқан болса, алайда барлық тәуекелдер мен активтен түскен пайданы бермеген және сақтап қалмаған жағдайда, сондай-ақ активті бақылау функциясын бермеген болса, жаңа актив Топтың табыстаған актив бойынша өзінің қатысуын жалғастырып отырған дәрежеде танылады.

Табысталған актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғастырылған қатысу мына шамалардың ең кішісі: активтің бастапқы ағымдағы құны немесе Топтан талап етілуі мүмкін ең көп сома бойынша танылады.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтер (жалғасы)

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Топ қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануының объективті белгілерінің бар-жоғын бағалайды. Қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарына әсерін сенімді бағалауға болатын активті бастапқы танудан кейін орын алған («залал көтеру жағдайы» туындағанда) бір немесе бірнеше оқиға нәтижесінде құнсызданудың шынайы айғағы пайда болған кезде ғана, қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы құнсызданған болып саналады. Құнсыздану айғақтарына борышкер немесе борышкерлер тобының едәуір қаржылық қиыншылықтарды басынан кешетіндігіне, өз қарыздарын өтей алмайтындығына немесе қарыз бойынша пайыздарды немесе қарыздың негізгі сомасын төлеуді дұрыс жүзеге асырмай отырғандығын, сонымен қатар, олардың банкроттық немесе басқадай қаржылық қайта ұйымдастыру рәсімін жүргізуі ықтимал екенін көрсететін жағдайлар жатады. Сонымен қатар, мұндай айғақтарға қаржы құралы бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарының бағалауға болатындай төмендеп отырғанын көрсететін байқалып отырған деректер, атап айтқанда, мерзімі кешіктірілген берешек көлемдерінің немесе қарызды төлеу міндеттемелерін орындаудан бас тартумен белгілі бір өзара байланыста жатқан экономикалық жағдайлардың өзгеруі жатқызылады.

Бұрын танылған құнсызданудан болған залалдардың қалпына келтірілуі құнсызданудан болған залалдың азаюы құнның төмендеуінен кейін болған оқиғамен шынайы байланыста болған кезде есепке алынады.

Амортизациялық құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтерге қатысты құнсыздану сомасы активтің баланстық құнының және ақшалай қаражаттың болжамды болашақ қозғалысының бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ағымдағы құнының арасындағы айырма ретінде бағаланады.

Қаржылық активтің баланстық құны барлық қаржылық активтер бойынша тікелей құнсыздануға болған залал есебінен төмендетіледі, ал сауда дебиторлық берешектің баланстық құны күмәнді берешектер бойынша резервті пайдалану арқылы төмендетіледі. Топ шартта белгіленген мерзімде дебиторлық берешек өтелмеген жағдайда күмәнді берешектер бойынша резервті есептейді.

Күмәнді берешектер бойынша резерв мезгіл-мезгіл қайта қаралады және егер түзетулер енгізу қажеттігі туындаса, онда тиісті сомалар есепті кезеңнің пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы есебінде көрініс табады. Үмітсіз берешек айқындалуына қарай бұрын құрылған резервтің есебінен шығынға шығарылады.

Егер келесі жыл ішінде құнсыздануға болған есептік залал сомасы құнсыздану танылғаннан кейін орын алған қандай да бір оқиғаның нәтижесінде азайса, онда құнсыздануға болған, бұрын танылған залал сомасы құнсыздануға түзету жасалған күнге қарай активтің баланстық құны амортизациялық құнды құрауы мүмкін сомадан асып түспейтіндей шамада, құнсыздану танылмаған жағдайдағыдай, пайда мен залал есебінде қалпына келтіріледі.

Қаржылық міндеттемелер

Кредиторлық берешек

Кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны, ал кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану жолымен амортизациялық құны бойынша бағаланады.

Акционерден алынған қарыздар

Барлық қарыздар мен тартылған қаражат бастапқыда, қарыз қаражатын тартуға байланысты болған шығын ескеріліп, алынған ақшалай қаражаттың әділ құны болып табылатын құн бойынша есепке алынады.

Бастапқы танудан кейін, пайыздық қарыздар мен тартылған қаражат тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану жолымен амортизациялық құны бойынша есепке алынады.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Тануды тоқтату

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған қаржылық есепте қаржылық міндеттемелерді тану міндеттеме өтелген, күшін жойған немесе оның қолданылу мерзімі аяқталған кезде тоқтатылады.

Өзара есепке жатқызу

Танылған сомаларды өзара есепке жатқызуға заңи құқық болатын және Топтың өзара есепке жатқызуды жүзеге асыруға немесе бір уақытта активті өткізіп және міндеттемені өтеуге ниеті болса ғана қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке жатқызылуы және таза сома қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілуі мүмкін.

Қаржы құралдарының әділ құны

Белсенді нарықтарда сауда жүргізілетін қаржы құралдарының әділ құны әрбір есепті күні мәміле бойынша шығындарды шегерместен, нарықтық баға белгіленіміне немесе делдалдардың баға белгіленіміне (ұзын позициялар бойынша сатып алудың баға белгіленімі және қысқа позициялар бойынша сатудың баға белгіленімі) негізделе отырып анықталады.

Белсенді нарықта сауда жүргізілмейтін қаржы құралдары үшін әділ құн тиісті бағалау әдістемелерін қолдану арқылы анықталады. Мұндай әдістемелер жуырда коммерциялық негізде өткізілген мәмілелердің бағасын пайдалануды, ұқсас құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалануды; дисконтталған ақша ағындарын талдауды немесе басқа да бағалау үлгілерін қамтуы мүмкін.

Резервтер

Топтың өтеуі қажет, бұрынғы оқиғалардың нәтижесінде пайда болған ағымдағы міндеттемелері (заңды немесе тәжірибеден келіп шығатын) болған жағдайда, резервтер есеп жүргізуде көрсетіледі, және де мұндай міндеттемелердің көлемін айтарлықтай дәл дәрежесде бағалауға болады.

Есеп жүргізуде бейнеленетін болашақ шығындар резервінің шамасы есепті күні бұл міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктер ескеріліп анықталған, міндеттемелерді өтеу үшін қажетті соманың ең дұрыс бағасы болып табылады. Егер болашақ шығындар резервінің шамасы міндеттемелерді өтеу бойынша болжалды ақша ағындарының негізінде есептеп шығарылса, болашақ шығындар резерві осындай ақша ағындарының дисконтталған құны ретінде анықталады (егер уақыт өлшемінде ақша құнының әсері елеулі болса).

Табыстар мен шығындарды тану

Топтың экономикалық тиімділік алуы ықтимал деп бағаланатын жағдайда және төлемнің жасалу уақытына қарамастан табысты сенімді түрде бағалау мүмкін болған жағдайда ғана табыстар танылады. Табыстар шартта айқындалған төлем бойынша талаптар ескеріліп және салықтар немесе баждар шегеріліп, бұрын алынған немесе алынуға тиіс сыйақының әділ құны бойынша бағаланады. Топ өзінің принципал немесе агент ретінде әрекет ететінін айқындау мақсатымен, табыс алуды көздейтін өзінің жасасатын шарттарын белгілі бір критерийлерге сәйкес талдайды.

Сыйақыдан алынған табыс

Табыс пайыздарды есептеу кезінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып, яғни қаржы құралының айналымда болуының болжалды ұзақтығы кезеңіндегі ақшалай қаражаттың бағдарлы болашақ түсімдерін қаржылық активтің таза баланстық құнына дейін дисконттайтын мөлшерлеме бойынша танылады. Пайыздық табыс пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық табыстар құрамына кіргізіледі.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Табыстар мен шығындарды тану (жалғасы)

Дивидендтер

Дивидендтерден түскен табыс Топтың төлем алуға құқығы белгіленген жағдайда танылады, ал бұл әдетте акционерлер дивидендтерді бекіткен кезде болады.

Шығындар

Шығындар тиісті тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер, ақшалай қаражаттың немесе оның баламаларының қашан төленгеніне байланыссыз, іс жүзінде алынған сәтте есепке алынады және шоғырландырылған қаржылық есептілікте өздерінің тиісті кезеңінде көрсетіледі.

Тауарлы-материалдық қорлар

Топтың тауарлы-материалдық қорларына тауарлар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім өндіру және қызмет көрсету барысында пайдалануға арналған шикізат пен материалдар кіреді. Топ қорларды мына шаманың ең кішісі: өзіндік құны немесе өткізудің ықтимал таза құны бойынша бағалайды.

Тауарлы-материалдық қорлардың өзіндік құнына сатып алуға кеткен барлық нақты шығыстар, өңдеу бойынша шығыстар және тауарлы-материалдық қорларды олардың қазіргі күйіне және ағымдағы орналасқан жеріне жеткізу мақсатында жасалған өзге де шығыстар кіреді. Тауарлы-материалдық қорлар орташа есептелген құн әдісі бойынша есепке алынады.

Тауарлы-материалдық қорлар екі шаманың кішісі: өзіндік құны немесе өткізудің таза құны бойынша есепке алынады. Топ тиісті резервті бейнелеу кезінде өтімді емес және аз пайдаланылатын тауарлы-материалдық қорларды өткізудің таза құнына дейін азайтады. Осындай тауарлы-материалдық қорлардың шығуынан алынатын өткізудің нақты сомасы өткізудің таза құнынан өзгешеленуі мүмкін. Мұндай кез келген айырмашылықтың болашақ операциялық нәтижелерге елеулі әсері болуы мүмкін.

Ағымдағы корпоративтік табыс салығы

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық активтер мен міндеттемелер салық органдары тарапынан өтеледі немесе салық органдарына төленеді деп топшыланатын сома бойынша бағаланады. Бұл соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы – бұл Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын табысын алатын елдерде есепті күні қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей капиталда танылған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы капиталдың құрамында танылады.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау мақсатында есепті күндегі активтер мен міндеттемелердің салықтық базасының және олардың ағымдағы құнының арасындағы уақыт айырмаларын айқындау жолымен міндеттемелер әдісі бойынша есептеп шығарылады.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер салық салынатын барлық уақыт айырмалары бойынша танылады. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктер мен пайдаланылмаған салықтық залалдар бойынша, салық салынатын пайданың болу ықтималдығы елеулі болатындай дәрежеде танылады, аталған пайдаға қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктер мен пайдаланылмаған салықтық шығындар есепке алынуы мүмкін. Бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміле барысында активті немесе міндеттемені бастапқы танудың нәтижесінде уақыт айырмасы туындайтын және ол операция жүзеге асырылған сәтте не бухгалтерлік пайдаға, не салық салынатын пайдаға немесе залалға әсер етпейтін жағдайда салықтық активтер мен салықтық міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте бейнеленбейді.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтердің ағымдағы құны әрбір есепті күнге қайта қарастырылып, кейінге қалдырылған салықтық активтердің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін салық салынатын жеткілікті пайданың алынуы күмәнді деп бағаланатындай дәрежеде төмендейді.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша танылмаған активтер әрбір есепті күнге қайта қарастырылып, салық салынатын болашақ пайда кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтерді пайдалануға мүмкіндік береді деген жоғары ықтималдық туындаған дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер есепті күні заңнамада бекітілген немесе бекітіледі дерлік салық салу мөлшерлемелерін (сол сияқты салық заңнамасының ережелерін) қолдану жолымен есептеп шығарылады және салықтық активті іске асыру немесе міндеттемелерді өтеу кезеңінде әрекет етеді деп болжанады. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер мен активтерді бағалау активтер мен міндеттемелердің баланстық құнының орнын толтыру немесе өтеу тәсілдеріне қатысты Топтың ниетінің салықтық салдарын бейнелейді (есепті күндегі жағдайы бойынша).

Қызметкерлер сыйақыларынан аударымдар

Топ Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес еңбекақыдан және материалдық игіліктерді қоса алғанда, жұмыскерлерге жасалатын өзге төлемдерден бірыңғай 11%-дық мөлшерлеме бойынша Қазақстан Республикасының бюджетіне әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық сомасының бір бөлігі «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-ға аударылады.

Топ сонымен қатар 2017 жылы өз қызметкерлерінің еңбекақысынан «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ға аударымдар ретінде 10%-ға дейінгі көлемде қаражат ұстап қалады (2016: 10%).

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударымдардан басқа, Топ еңбекақыдан және материалдық игіліктерді қоса алғанда, жұмыскерлерге жасалатын өзге төлемдерден бірыңғай 10%-дық мөлшерлеме бойынша жеке табыс салығын ұстап қалады.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қосылған құн салығы

Салық органдары сатылымдар мен сатып алулар бойынша қосылған құн салығын (бұдан әрі – «ҚҚС») нетто негізде жүзеге асыруға рұқсат етеді.

Төленетін ҚҚС

Өткізу кезінде туындайтын ҚҚС тауарлар жөнелтілген немесе қызметтер көрсетілген кезде салық органдарына төленуге тиіс. Сатып алулар бойынша ҚҚС жеткізушіден салықтық шот-фактура алынған кезде өткізу бойынша ҚҚС-пен есепке алынуға жатады. Салық заңнамасы бойынша ҚҚС-ты таза негізде есепке жатқызуға рұқсат етіледі. Сәйкесінше, қаржылық жағдай туралы есеп жасалған күні есепке жатқызылмаған өткізу және сатып алу жөніндегі операциялар бойынша ҚҚС қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте таза негізде танылды.

Сонымен қатар, есепті күні есеп айырысу үдерісі аяқталмаған сатылымдарға жататын ҚҚС төленуге тиіс ҚҚС сомасына кіргізіледі. Күмәнді берешек бойынша резерв қалыптастырылған жағдайларда, құнсыздануған болған залал берешектің бүкіл сомасы, соның ішінде ҚҚС бойынша есепке алынады. ҚҚС бойынша тиісті міндеттеме салық салу мақсатында дебиторлық берешек есептен шығарылғанға дейін есептілікте бейнеленеді.

Төленетін ҚҚС қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте төленетін салықтар бабына кіргізілген..

Өтелетін ҚҚС

Өтелетін ҚҚС есепті күнгі жағдай бойынша төленбеген сатып алуларға жатқызылады. Өтелетін ҚҚС сатылымдарға жатқызылатын ҚҚС бойынша, сатып алу үшін төлем жасалуына қарай берешек сомасына қарсы есепке алу арқылы қайтарылуға тиіс. Өтелетін ҚҚС қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өтелетін салықтар бабында бейнеленген.

Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте бейнеленбейді, бірақ олар экономикалық тиімділіктің ағылып келуі ықтимал болғанда қаржылық есептілікте ашылуға тиіс.

Шартты міндеттемелер тек осындай міндеттемелерді өтеуге байланысты көлемін жеткілікті дәрежеде дәл анықтауға болатын ресурстардың істен шығуы қажет етілетін жағдайда ғана шоғырландырылған қаржылық есептілікте бейнеленеді.

Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Жыл аяқталғаннан кейін болған және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп дайындалған күні Топтың жағдайы туралы қосымша ақпарат беретін оқиғалар (түзету оқиғалары) шоғырландырылған қаржылық есептілікте бейнеленеді. Жыл аяқталғаннан кейін болған және түзету оқиғалары болып табылмайтын оқиғалар, тек егер олар маңызды болса, ескертулерде ашылып көрсетіледі.

Байланысқан тараптармен жүргізілген операциялар

«Байланысқан тараптар туралы ақпаратты ашу» деген 24-ХБЕС бойынша, Топ байланысқан тараптардың арасындағы өзара қарым-қатынастың сипатын, сондай-ақ бұл қарым-қатынастың шоғырландырылған қаржылық есептілікке тигізетін әлеуетті әсерін түсіну үшін қажетті бұл операциялар мен өзара есеп айырысудың өтелмеген қалдықтары туралы ақпаратты ашады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте байланысқан тараптар болып басқа тараптың операциялық және қаржылық шешімдерін бақылауға немесе оларға елеулі түрде әсер етуге мүмкіндігі бар тараптар саналады. Тараптардың байланысқан болып табылатын-табылмайтыны туралы мәселені шешкен кезде тараптардың өзара қарым-қатынасының заңдық нысаны ғана емес, оның мазмұны да назарға алынады.

5. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындауда Топ басшылығының пайымдамалар дайындауы және активтер мен міндеттемелердің есепке алынған сомаларына әсерін тигізетін субъективті бағалаулар мен болжамдарды пайдалануы және шоғырландырылған қаржылық есептілікте есепті күнге қарайғы әлеуетті активтер мен міндеттемелердің және есепті кезеңдегі табыстар мен шығындардың ескерілген сомалары туралы ақпаратты ашып көрсетуі қарастырылады. Бағалаудың тарихи білім мен басқа да елеулі факторларға негізделетініне қарамастан, оқиғалар немесе іс-әрекеттер басқаша болып, соның нәтижесінде нақты нәтижелер бұл пайымдаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Келесі қаржылық жылда активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына материалдық түзету жасалудың елеулі қатері бар белгісіздікті есепті күндегі бағалаудың болашақ және басқа да негізгі көздері бойынша негізгі жорамалдар төменде талқыланады:

Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Топ ұзақ мерзімді активтердің баланстық құнының құнсыздану индикаторларының бар-жоғын анықтау үшін тексеру жүргізеді.

Құнсыздану көптеген факторларға негізделеді, соның ішінде: ағымдағы бәсекелік орта, саладағы күтулі өсімдегі өзгерістер, болашақта қаржыландырудың қолжетімді болуындағы өзгерістер, технологиялық тұрғыдан ескіру, қызмет көрсетуді тоқтату, орнын алмастыруға кететін ағымдағы шығыстар және елеулі құнсызданудың бар екенін айғақтайтын басқа да жағдаят өзгерістері бар.

Осындай индикаторлар бар болған жағдайда активтердің өтелетін құны бағаланып, активтердің баланстық құнымен салыстырылады. Активтердің баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын жағдайда құнсыздану бар деп танылады. Өтелетін құн екі мәннің ең үлкені: сатуға жұмсалатын шығыстарды шегергендегі активтердің әділ құны немесе пайдалану құны болып анықталады. Пайдаланудың құнын бағалау кезінде есептік болашақ ақша ағындары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесін пайдалану жолымен олардың ағымдағы құнына дейін дисконталады, ал ол, басшылықтың ойынша, ақшаның уақыттағы құнының ағымдағы нарықтық бағалануын, активтерге тән тәуекелдерді бейнелейді. Бағаланып отырған өтелетін құндағы өзгеріс оның құнсыздануына немесе болашақ кезеңдерде қалпына келтірілуіне алып келуі мүмкін.

Топтың қаржылық емес активтеріне негізінен негізгі құралдар, соның ішінде тау-кен активтері, материалдық емес активтер және барлау мен бағалау жөніндегі активтер, еншілес ұйымдарға, бірлескен және қауымдастырылған ұйымдарға салынған инвестициялар кіреді.

2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ басшылығы қаржылық емес активтердің құнсыздануының қандай да бір индикаторларын анықтаған жоқ.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімдері

Топ негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімдерін әр жылдың есепті кезеңінің соңына қарай қарастырады. Активтің пайдалы қызмет мерзімінің бағалануы мынадай факторларға: экономикалық тұрғыдан пайдалануға, жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі бағдарламаларға, технологиялық жақсартуларға және өзге де іскерлік жағдайларға байланысты. Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімдеріне басшылықтың берген бағасы осы шоғырландырылған қаржылық есептілік күнінде қолда бар тиісті ақпаратты бейнелейді.

Күмәнді борыштар бойынша резерв

Топ күмәнді дебиторлық берешек, берілген аванстар және өзге де берешек бойынша резервтер құрады. Күмәнді шоттарды бағалау кезінде тапсырыс берушілер қызметінің бұрынғы және күтулі нәтижелері назарға алынады. Экономикадағы, саладағы немесе тапсырыс берушілердің нақты сипаттамаларындағы өзгерістер осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген күмәнді берешектерге қатысты резерв бойынша түзету жасауды қажет етуі мүмкін.

5. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУ (ЖАЛҒАСЫ)

Ескірген және өтімді емес тауарлы-материалдық қорлардың құнын азайту

Тауарлы-материалдық қорлар екі шаманың ең кішісі: өзіндік құны немесе өткізудің таза құны бойынша есепке алынады. Топ өтімді емес және аз пайдаланылатын тауарлы-материалдық қорлардың құнын, егер ол өзіндік құнынан аспаса, өткізудің таза құнына дейін азайтады. Осындай тауарлы-материалдық қорлардың істен шығуынан алынатын өткізудің нақты сомасы өткізудің таза сомасынан өзгешеленуі мүмкін. Осындай кез келген айырмашылық болашақ операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін

Салық салу

Әр түрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар әрдайым анық жазыла бермейді. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдары арасында пікір қайшылығы болатын жағдайлар кездеседі. Бұл орайда, салық органдары қосымша салықтарды есептеген жағдайда айыппұл мен өсімпұлдың қолданыстағы мөлшерлері елеулі көлемде белгіленген: айыппұл көлемі қоса есептелген салықтың 50%-ын құрайды, ал өсімпұлдың мөлшері уақтылы төленбеген салық сомасы бойынша есептегенде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 2.5-ына тең. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдар қоса есептелген салықтар сомасынан айтарлықтай асып кетуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген белгісіздікке орай, салықтардың, айыпұл санкциялары мен өсімпұлдардың әлеуетті сомасы, егер тап осындай қоса есептеу жасалса, қазіргі уақытқа дейін шығынға жатқызылған және есепті күні қоса есептелген сомалардан айтарлықтай асып кетуі мүмкін. Бағалаулар мен нақты төленген сомалардың арасындағы айырмашылықтар, егер ондайлар туындаса, болашақ операциялық нәтижелерге елеулі әсерін тигізуі мүмкін.

Кейінге қалдырылған салық активтері

Кейінге қалдырылған салық активтері, бұл активтер соған қарсы есепке жатқызылуы ықтимал болатын, салық салынатын пайданың алынуы мүмкін болатын шамада танылады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте тануға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасын анықтау үшін Топ салық салынатын болашақ пайданың алынуы мүмкін мерзімдеріне және көлеміне, сондай-ақ салықты жоспарлау стратегиясына қатысты елеулі пайымдарды қолданады.

Әділ құнды бағалау

Басшылық қаржы құралдарының әділ құнын анықтауға (нарықтық ұсыныстар болмаған жағдайда), сондай-ақ қаржылық емес активтерге арналған бағалау әдістерін пайдаланады. Оларға нарыққа қатысушылардың құралдарды қалай бағалайтынына сәйкес бағалау мен болжамдарды анықтау кіреді.

Басшылық өзінің болжамдарын, мүмкін болғанынша, байқалып отырған деректердің негізінде жасайды, бірақ олар әркез қолжетімді бола бермейді. Бұл жағдайда басшылық өзінің қолы жетерлік ақпараттың ішінен ең қолайлы келетінін пайдаланады. Есептелген әділ құн есепті күні тәуелсіз тараптардың арасында жасалған мәміленің нәтижесінде белгіленген нақты бағалардан өзгешеленуі мүмкін.

Жер тілімін қалпына келтіру бойынша резерв

Топ кен орнындағы болашақ жоюдың құнына заңнама және салалық тәжірибе бойынша талап етілетін, күтілетін тарату әдісін және топырақ құнарлылығын қалпына келтіру дәрежесін ескергеннен кейін ішкі немесе сыртқы мамандардан алынған бағалаулардың негізінде баға береді.

5. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУ (ЖАЛҒАСЫ)

Жер тілімін қалпына келтіру бойынша резерв (жалғасы)

Жер телімін қалпына келтіру бойынша резервтің сомасы күтілетін инфляция деңгейіне орай түзетілген және ұзақ мерзімді мемлекеттік облигациялардың табыстылығынан дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін қажет етіледі деп болжанып отырған бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады. Жер телімін қалпына келтіру бойынша резерв «Негізгі құралдар нысанын істен шығару, ол алып жатқан телімдегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелердегі және соған ұқсас өзге де міндеттемелердегі өзгерістер» атты 1-пайымдама бойынша әр есептік күні қайта қаралады және ең жақсы бағалауды көрсету үшін түзетіледі. Жабуға арналған болашақ шығындарды бағалау кезінде басшылық жасаған елеулі бағалаулар мен пайымдаулар пайдаланылды. Бұл бағалау кезінде пайдаланылған елеулі пайымдауларға дисконттау мөлшерлемесін және ақшалай қаражат ағындарының уақытта бөлінуін бағалау кіреді.

Топ басшылығының пікірінше, ұзақ мерзімді мемлекеттік облигациялардың табыстылығы қолданылатын дисконттау мөлшерлемесінің ең жақсы бағасы болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесі басшылық болашақта кен орнындағы жер телімдерін қалпына келтіруге жұмсалады деп болжап отырған атаулы сомаға қатысты қолданылуға тиіс. Топ болашақ таратудың құнын бағалау кезінде ағымдағы жылдың бағаларын және инфляцияның ұзақ мерзімді деңгейінің орташа мәнін пайдаланады.

Global Insight агенттігі айқындаған, есептеуде пайдаланылған Қазақстан Республикасындағы инфляцияның болашақ кезеңдер бойынша ұзақ мерзімді мөлшерлемесі жылдық 2.8% - 14.5% аукымында өзгеріп тұрады (2016: 2.8% - 14.5%), ал 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесі 7.51% құрады (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 7.12%).

6. БИЗНЕСТІҢ БІРІКТІРІЛУІ

«Қазақстан кремнийі» ЖШС-нің сатып алынуы және «Tau-Ken Temir» ЖШС-іне қосылуы

Компанияның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы қосу нысанында қайта ұйымдастыру туралы шешімінің негізінде «Tau-Ken Temir» ЖШС мен «Қазақстан кремнийі» ЖШС ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы келісімге келді, ол бойынша «Қазақстан кремнийі» ЖШС «Tau-Ken Temir» ЖШС-іне қосылады. 2016 жылғы 12 мамырда «Қазақстан кремнийі» ЖШС «Tau-Ken Temir» ЖШС-іне қосу жолымен мемлекеттік тізілімнен шығарылды, Компания «Қазақстан кремнийі» ЖШС-індегі 10,022,393 мың теңге сомасындағы активтер мен міндеттемелерді «Tau-Ken Temir» ЖШС-іне ауыстырды.

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ мен «Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ арасындағы «Қазақстан кремнийі» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін сатып алу-сату шартына сәйкес, 2015 жылғы 25 желтоқсанда Топ металлургиялық кремнийді және жанама өнімдерді өндіретін зауытты бақылауға ие болды. «Қазақстан кремнийі» ЖШС-нің қызметінің негізгі түрі «Қарағанды облысында желілік кварцтан металл кремний өндіру» жобасы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру болып табылады. Мәміленің құны 13,607,532 мың теңгегені құрады, өтеу мерзімі – 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төленуге тиіс қалған сома 8,299,800 мың теңгеге тең болды және ол әр төлем күнінде 5.41% - 7.91% аралығында өзгеретін мөлшерлеме бойынша айқындалған әділ құны бойынша танылды. 2017 жылғы 31 желтоқсанда дисконт сомасы 2,882,232 мың теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсан: 3,242,646 мың теңге).

2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде дисконт амортизациясы, сәйкесінше, 360,414 мың теңге мен 337,159 мың теңгені құрады және пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығын құрамында танылды.

6. БИЗНЕСТІҢ БІРІКТІРІЛУІ (ЖАЛҒАСЫ)

«Silicon mining» ЖШС-нің сатып алынуы

2016 жылғы 9 желтоқсанда Компания 2015 жылғы 2 желтоқсандағы №88 сатып алу-сату шарты бойынша «Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ-дан «Silicon mining» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 90,1% қатысу үлесін сатып алды. «Silicon mining» ЖШС-нің қызметінің негізгі түрі Қарағанды облысындағы «Ақтас» желілік кварц кен орнында барлау жұмысын жүргізу болып табылады. Мәміленің құны 93,382 мың теңгені құрады, ол 2017 жылы төленді.

«Солтүстік Қатпар» ЖШС-нің сатып алынуы

«Солтүстік Қатпар» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін сатып алу үшін Компания «Самұрық-Қазына» қорымен жалпы сомасы 7,770,000 мың теңге қарыз беру туралы шарт жасады, оны өтеу мерзімі біржолғы транш алынған күннен бастап 20 жыл. Бұл қарыз бойынша 7,733,640 мың теңге сомасындағы транш 2015 жылғы 7 шілдеде алынды. Бұл қарыз бойынша сыйақы он жылдық жеңілдік кезеңінің ішінде жылдық 0.1% құрайтын болады, жеңілдік кезеңі аяқталғаннан кейін сыйақы жылдық 2% құрайды. Алынған қарыздардың әділ құны олар танылған күні 6.93% мөлшерлемесі пайдаланылып анықталды және 2,614,162 мың теңгені құрады. Атаулы және әділ құнның арасындағы 5,119,478 мың теңге мөлшеріндегі айырма танылған күні капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Акционермен бірге жүргізілген операция ретінде танылды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған қарыздардың және есептелген сыйақының әділ құны, сәйкесінше, 3,094,606 мың теңге мен 10,357 мың теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсан: сәйкесінше, 2,894,591 мың теңге, және 3,774 мың теңге).

2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде дисконттың амортизациясы, сәйкесінше, 200,015 мың теңге мен 184,085 мың теңгені құрады және пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығын құрамында танылды.

2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде есептелген сыйақы, сәйкесінше, 6,583 мың теңге мен 7,755 мың теңгені құрады және пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығын құрамында танылды.

7. САТУҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛЕТІН АКТИВТЕР ЖӘНЕ ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ

«ТКС-Жақсылық» ЖШС

2015 жылғы 18 қарашада «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ мен «KazCuprum» ЖШС арасында жасалған сатып алу-сату шартына сәйкес, «ТКС-Жақсылық» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесі тоқтатылған қызметтің құрамында танылды. 2016 жылғы 17 ақпанда «ТКС-Жақсылық» ЖШС-інде меншік құқықтарын толығымен заңдық қайта тіркеу жүзеге асырылды

Мың теңге	2016 жылғы 17 ақпан
Алынған сыйақы сомасы	186,000
Істен шыққан таза активтердің баланстық құны	(169,292)
	16,708

Есепті кезең ішіндегі тоқтатылған қызметтен түскен табыс төмендегідей көрсетілген:

Мың теңге	2016 ж. 1 қаңтардан 17 ақпанға дейінгі кезеңде
Еншілес ұйымның істен шығуынан алынған табыс	16,708
Кезең ішіндегі пайда	–
	16,708

Істен шыққан күндегі «ТКС-Жақсылық» ЖШС-нің активтері мен міндеттемелерінің негізгі санаттары төменде көрсетілген:

Мың теңге	Істен шыққан күндегі активтер мен міндеттеме-лер
Активтер	
Барлау мен бағалау жөніндегі активтер	158,357
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	1,564
Өзге де ағымдағы активтер	19
Ақшалай қаражат және оның баламалары	11,240
Сатуға арналған активтер	171,180
Міндеттемелер	
Өзге де ағымдағы міндеттемелер	(1,888)
Сатуға арналған активтерге тікелей байланысты міндеттемелер	(1,888)
Таза активтер	169,292

2016 жылғы 1 қаңтардан 2016 жылғы 17 ақпанға дейінгі кезеңде ақшалай қаражатта қозғалыс болған жоқ.

7. САТУҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛЕТІН АКТИВТЕР ЖӘНЕ ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ (ЖАЛҒАСЫ)

«Тау Голд Коппер БК» ЖШС

2015 жылғы 28 қазанда «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ мен «Альголд» ЖШС арасында жасалған «сатып алу-сату шартына сәйкес, Тау Голд Коппер БК» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 50% үлес тоқтатылған қызметтің құрамында танылды. 2016 жылғы 15 наурызда «Тау Голд Коппер БК» ЖШС-індегі меншік құқықтары заңдық жағынан толығымен қайта тіркелді және сәйкесінше Топ бақылаудан айырылды.

Мың теңге	2016 жылғы 15 наурыз
Алынған сыйақы сомасы	60,200
Істен шыққан таза активтердің баланстық құны	(1,741)
	58,459

Есепті кезең ішінде тоқтатылған қызметтен алынған табыс төмендегідей көрсетілген:

Мың теңге	2016 жылғы 1 қаңтардан 15 наурызға дейінгі кезеңде
Бірлескен кәсіпорынның істен шығуынан алынған табыс	58,459
	58,459

«Тау Голд Коппер БК» ЖШС-нің істен шыққан күндегі активтері мен міндеттемелерінің санаттары төменде көрсетілген:

Мың теңге	Істен шыққан күндегі активтер мен міндеттемелер
Сатуға арналған активтер	1,741
Таза активтер	1,741

2016 жылғы 1 қаңтардан 2016 жылғы 15 наурызға дейінгі кезеңде ақшалай қаражатта қозғалыс болған жоқ.

7. САТУҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛЕТІН АКТИВТЕР ЖӘНЕ ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ (ЖАЛҒАСЫ)

«Тау Кетмень» ЖШС

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 4 қарашадағы шешіміне сәйкес «Тау Кетмень» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесі «ТАУ ИНТЕРИНВЕСТ KAZ» ЖШС-іне 429,441 мың теңгеге сатылды. Мәміленің сомасы 429,441 мың теңгені құрады. 2017 жылғы 27 маусымда НГК «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ және «ТАУ ИНТЕРИНВЕСТ KAZ» ЖШС-нің арасында жасалған сатып алу-сату шартына сәйкес, «Тау Кетмень» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100% үлес тоқтатылған қызметтің құрамында танылды. 2017 жылғы 27 маусымда «Тау Кетмень» ЖШС-індегі меншік құқықтарын толығымен заңдық қайта тіркеу жүргізілді.

Мың теңге	**2017 жылғы 27 маусым**
Алынған сыйақы сомасы	**429,441**
Істен шыққан таза активтердің баланстық құны	**(326,015)**
	103,426

Есепті кезеңде тоқтатылған қызметтен алынған табыс төменде көрсетілген:

Мың теңге	**2017 жылғы 1 қаңтардан 2017 жылғы 27 маусымға дейінгі кезең бойынша**	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Бірлескен кәсіпорынның істен шығуынан алынған табыс	**103,426**	–
Кезең ішіндегі залал	**(7,755)**	(7,291)
	95,671	**(7,291)**

«Тау Кетмень» ЖШС-нің істен шыққан күндегі активтері мен міндеттемелерінің санаттары төменде көрсетілген:

Мың теңге	**2017 жылғы 27 маусымдағы активтер мен міндет-темелер**	2016 жылғы 31 желтоқсандағы активтер мен міндеттемелер
Активтер		
Негізгі құралдар	**323,108**	323,108
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	**4,298**	4,298
Өзге де ағымдағы активтер	**449**	449
Ақшалай қаражат және оның баламалары	**76**	76
Сатуға арналған активтер	**327,931**	**327,931**
Міндеттемелер		
Өзге де ағымдағы міндеттемелер	**(1,916)**	(1,916)
Таза активтер	**326,015**	**326,015**

2017 жылғы 1 қаңтардан 2017 жылғы 27 маусымға дейінгі кезеңде ақшалай қаражатта қозғалыс болған жоқ.

8. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Мың теңге	Жер	Тау-кен активтері	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдық	Көлік құралдары	Компьютерлер	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	**Барлығы**
Бастапқы құны:									
2015 жылғы 31 желтоқсанда	**604,452**	**2,270,518**	**4,244,687**	**9,324,681**	**736,820**	**86,893**	**654,630**	**7,811,928**	**25,734,609**
Түсімдер	–	2,916,433	538,925	515,062	174,226	3,149	169,127	5,582,030	**9,898,952**
Бизнесті біріктіру арқылы сатып алу	–	–	4,690	2,931	–	335	22	–	**7,978**
Орын ауыстыру	–	(32,910)	1,801,046	382,572	(69,797)	–	27,601	(2,108,512)	**–**
Тауарлы-материалдық қорлардан аудару	–	–	–	38	–	–	–	52,996	**53,034**
Істен шығу	–	–	(298)	(4,429)	–	–	(645)	–	**(5,372)**
2016 жылғы 31 желтоқсанда	**604,452**	**5,154,041**	**6,589,050**	**10,220,855**	**841,249**	**90,377**	**850,735**	**11,338,442**	**35,689,201**
Түсімдер	–	6,068,923	1,444	1,716,636	263,070	4,873	293,781	5,101,098	**13,449,825**
Есепке алып бағалаудағы өзгерістер	–	(19,157)	–	–	–	–	–	–	**(19,157)**
Орын ауыстыру	–	736,323	2,989,705	323,271	24,046	–	9,511	(4,082,856)	**–**
Тауарлы-материалдық қорлардан аудару	–	–	–	25,495	–	–	7,902	1,589	**34,986**
Істен шығу	–	–	(15,099)	(1,565)	–	(480)	(548)	–	**(17,692)**
2017 жылғы 31 желтоқсанда	**604,452**	**11,940,130**	**9,565,100**	**12,284,692**	**1,128,365**	**94,770**	**1,161,381**	**12,358,273**	**49,137,163**
Жинақталған тозу:									
2015 жылғы 31 желтоқсанда	–	–	**(203,875)**	**(718,551)**	**(41,279)**	**(41,141)**	**(75,750)**	–	**(1,080,596)**
Жыл ішіндегі аударымдар	–	–	(176,703)	(625,429)	(99,985)	(17,158)	(60,301)	–	**(979,576)**
Істен шығу бойынша тозу	–	–	–	–	–	–	92	–	**92**
2016 жылғы 31 желтоқсанда	–	–	**(380,578)**	**(1,343,980)**	**(141,264)**	**(58,299)**	**(135,959)**	–	**(2,060,080)**
Жыл ішіндегі аударымдар	–	–	(270,522)	(840,215)	(88,958)	(5,294)	(106,066)	–	**(1,311,055)**
Істен шығу бойынша тозу	–	–	258	642	–	476	153	–	**1,529**
2017 жылғы 31 желтоқсанда	–	–	**(650,842)**	**(2,183,553)**	**(230,222)**	**(63,117)**	**(241,872)**	–	**(3,369,606)**
Қалдық құны:									
2016 жылғы 31 желтоқсанда	**604,452**	**5,154,041**	**6,208,472**	**8,876,875**	**699,985**	**32,078**	**714,776**	**11,338,442**	**33,629,121**
2017 жылғы 31 желтоқсанда	**604,452**	**11,940,130**	**8,914,258**	**10,101,139**	**898,143**	**31,653**	**919,509**	**12,358,273**	**45,767,557**

8. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде есептелген тозуға мыналар кіреді: өткізілген өнімнің өзіндік құнының құрамында бейнеленген 676,413 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде: 619,238 мың теңге) (19-ескерту), жалпы және әкімшілік шығындар құрамындағы 128,128 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде: 96,362 мың теңге) (20-ескерту). 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі тозу бойынша 506,514 мың теңге мөлшеріндегі шығындар (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде: 263,976 мың теңге) кен орнын игеру бойынша активтерге капиталға айналдырылды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны 267,506 мың теңге негізгі құралдар «Евразийский банк развития» АҚ-мен жасалған кредит шарты бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынды (2016 жыл: нөл) (23-ескерту).

9. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Мың теңге	Жер қойнауын пайдалану құқықтары	Басқасы	**Барлығы**
Бастапқы құны:			
2015 жылғы 31 желтоқсанда	**52,601,721**	**93,280**	**52,695,001**
Түсімдер	–	56,028	**56,028**
Бизнесті біріктіру арқылы сатып алу	–	321	**321**
Істен шығу	(97,268)	(13,252)	**(110,520)**
2016 жылғы 31 желтоқсанда	**52,504,453**	**136,377**	**52,640,830**
Түсімдер	–	128,546	**128,546**
Істен шығу	–	(625)	**(625)**
2017 жылғы 31 желтоқсанда	**52,504,453**	**264,298**	**52,768,751**
Жинақталған амортизация:			
2015 жылғы 31 желтоқсанда	–	**(25,582)**	**(25,582)**
Жыл ішінде есептелгені	–	(13,134)	**(13,134)**
2016 жылғы 31 желтоқсанда	–	**(38,716)**	**(38,716)**
Жыл ішінде есептелгені	–	(49,702)	**(49,702)**
2017 жылғы 31 желтоқсанда	–	**(88,418)**	**(88,418)**
Баланстық құны:			
2016 жылғы 31 желтоқсанда	**52,504,453**	**97,661**	**52,602,114**
2017 жылғы 31 желтоқсанда	**52,504,453**	**175,880**	**52,680,333**

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі материалдық емес активтердің амортизациясына мыналар кіреді: өткізілген өнімнің өзіндік құнының құрамында бейнеленген 36 мың теңге (2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде: нөл) (19-ескерту), жалпы және әкімшілік шығындар құрамындағы 7,374 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде: 9,859 мың теңге) (20-ескерту). 2017жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі амортизация бойынша 42,328 мың теңге мөлшеріндегі шығындар (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде: 3,239 мың теңге) тау-кен активтеріне капиталға айналдырылды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың материалдық емес активтері қамтамасыз ету ретінле кепілге салынған жоқ.

10. БАРЛАУ МЕН БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕР

Мың теңге	Барлау мен бағалау бойынша активтер
2015 жылғы 31 желтоқсанда	**4,055,998**
Түсімдер	2,188,968
Істен шығу	(403,153)
Бизнесті біріктіру арқылы сатып алу	27,601
Құнсыздану	(14,866)
2016 жылғы 31 желтоқсанда	**5,854,548**
Түсімдер	1,377,657
Істен шығу	(1,533)
Құнсыздану	(382,201)
2017 жылғы 31 желтоқсанда	**6,848,471**

Барлау мер бағалау бойынша активтерге келесідей капиталға айналдырылған шығыстар кіреді:

Мың теңге	**2017 жылғы 31 желтоқсан**	2016 жылғы 31 желтоқсан
Геологиялық және геофизикалық жұмыстар	**5,958,125**	5,129,469
Қол қойылатын бонус	**358,784**	334,049
Жоба алдындағы құжаттаманы дайындау бойынша қызметтер	**166,780**	129,137
Еңбекақы бойынша шығыстар және тиісті аударымдар	**87,389**	76,267
Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған аударымдар	**66,460**	48,105
Геологиялық ақпарат	**6,651**	5,177
Басқасы	**601,349**	147,210
Құнсыздану	**(397,067)**	(14,866)
	6,848,471	**5,854,548**

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде барлау мен бағалау бойынша активтердің құнсыздануы бойынша резервтегі өзгеріс келесідей көрсетілген:

Мың теңге	**2017 жыл**	**2016 жыл**
1 қаңтардағы сальдо	**14,866**	–
Есептелді	**382,201**	**14,866**
31 желтоқсандағы сальдо	**397,067**	**14,866**

11. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН КОМПАНИЯҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Мың теңге	**2017 жылғы 31 желтоқсан**		2016 жылғы 31 желтоқсан	
	Үлес	**Сома**	Үлес	Сома
«Қазцинк» ЖШС	29.8221%	**443,335,588**	29.8221%	434,888,968

Мың теңге	Негізгі қызмет	Негізгі қызметін жүзеге асыратын және орналасқан елі	Топ пен Кәсіпорын арасындағы қатынастың сипаттамасы және оның Топ үшін стратегиялық маңызы бар ма	Инвестициялардың әділ құны (егер инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынса, инвестицияның нарықтық белгіленген құны бар болған жағдайда)
«Қазцинк» ЖШС	Металл кендерін өндіру және өңдеу, тазартылған металдарды шығару	Қазақстан Республикасы	Ұйым Топ Акционері үшін стратегиялық маңызды болып табылады	Бағасы белгіленбейді

11. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН КОМПАНИЯҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Қауымдастырылған компанияға салынған инвестициялардағы өзгерістер төмендегідей көрсетілген:

Мың теңге	
2016 жылғы 1 қаңтарда	**410,903,918**
Қауымдастырылған компанияның пайдасындағы үлес	37,390,949
Дивидендтер	(13,795,549)
Шетел бөлімшесінің валютасын қайта есептеу	389,650
2016 жылғы 31 желтоқсан	**434,888,968**
Қауымдастырылған компанияның пайдасындағы үлес	58,049,264
Дивидендтер	(39,321,127)
Шетел бөлімшесінің валютасын қайта есептеу	(10,281,517)
2017 жылғы 31 желтоқсан	**443,335,588**

«Қазцинк» ЖШС

«Қазцинк» ЖШС-нің қатысушыларының 2017 жылғы 16 наурыздағы жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 2016 жылдың қорытындысы бойынша «Қазцинк» ЖШС-нің қатысушыларына жарияланған дивидендтердің жалпы сомасы 131,676,462 мың теңгені құрады, соның 39,321,127 мың теңгесі Топқа үлестірілді және ақшалай төленді.

«Қазцинк» ЖШС-нің қатысушыларының 2016 жылғы 16 наурыздағы жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 2015 жылдың қорытындысы бойынша «Қазцинк» ЖШС-нің қатысушыларына жарияланған дивидендтердің жалпы сомасы 46,259,480 мың теңгені құрады, соның 13,795,549 мың теңгесі Топқа үлестірілді және ақшалай төленді.

Төменде қауымдастырылған компания туралы жалпыланған қаржылық ақпарат, сондай-ақ бұл ақпаратты шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі инвестицияның баланстық құнымен салыстырудың нәтижесі көрсетілген:

Мың теңге	**2017 жылғы 31 желтоқсан**	2016 жылғы 31 желтоқсан
Ағымдағы активтер	**407,770,904**	342,470,403
Ұзақ мерзімді активтер	**1,444,462,721**	1,480,808,619
Ағымдағы міндеттемелер	**(95,859,259)**	(110,925,882)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	**(269,773,530)**	(254,070,772)
Капитал	**1,486,600,836**	**1,458,282,368**
Инвестицияның баланстық құны	**443,335,588**	**434,888,968**

Мың теңге	**2017 жыл**	2016 жыл
Түсім	**999,280,372**	882,390,026
Таза пайда	**194,652,485**	125,379,647
Жыл ішіндегі таза пайдадағы Топтың үлесі	**58,049,264**	**37,390,949**

12. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

Мың теңге	Ескерту	**2017 жылғы 31 желтоқсан**	2016 жылғы 31 желтоқсан
Шикізат пен материалдар		**10,163,236**	1,681,198
Аяқталмаған өндіріс	19	**5,955,012**	10,845,698
Дайын өнім	19	**4,669,231**	6,882,460
Тауарлар		**–**	9,154
Минус: ескірген және өтімді емес тауарлы-материалдық қорлар бойынша есептен шығару		**(68,576)**	(207,635)
		20,718,903	**19,210,875**

12. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Топтың дайын өніміне негізінен құйма түріндегі тазартылған алтын мен күміс кіреді. Аяқталмаған өндіріске негізінен алтын мен күмістің жартылай фабрикаты және алтын мен күміс электролиті кіреді. Шикізат пен материалдарына негізінен өңдеу үшін үшінші тараптардан сатып алынған алтын мен күмістің жартылай фабрикаты кіреді.

31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша ескірген және өтімді емес тауарлы-материалдық қорлар бойынша резервтегі өзгеріс төмендегідей көрсетілген:

Мың теңге	**2017 жыл**	2016 жыл
1 қаңтарда	**207,635**	196,574
Есептелді	–	11,962
Резервтің есебінен есептен шығарылды	**(11,912)**	(901)
Қалпына келтірілді	**(127,147)**	–
31 желтоқсанда	**68,576**	**207,635**

13. ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Мың теңге	**2017 жылғы 31 желтоқсан**	2016 жылғы 31 желтоқсан
Шет ұйымдардың дебиторлық берешегі	**655,879**	1,295,172
Байланысқан тараптардың дебиторлық берешегі (25-ескерту)	–	1,107,040
Минус: күмәнді борыштар бойынша резерв	**(10,177)**	(7,728)
	645,702	**2,394,484**

31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша күмәнді борыштар бойынша резервтегі өзгеріс төмендегідей көрсетілген:

1 қаңтарда	**2017 жыл**	2016 жыл
Есептелді	**7,728**	–
31 желтоқсанда	**2,449**	7,728
1 қаңтарда	**10,177**	**7,728**

14. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мың теңге	**2017 жылғы 31 желтоқсан**	2016 жылғы 31 желтоқсан
90 күнге дейінгі қысқа мерзімді банктік салымдар, теңге	**11,828,004**	11,652,110
АҚШ долларымен көрсетілген банктердегі ағымдағы шоттар	**3,742,049**	14,719
Теңгемен көрсетілген банктердегі ағымдағы шоттар	**2,535,797**	2,696,901
Жолдағы ақшалай қаражат	**2,326,290**	8
90 күнге дейінгі қысқа мерзімді банктік салымдар, АҚШ доллары	**1,785,921**	2,809,397
Еуромен көрсетілген банктердегі ағымдағы шоттар	**1,292**	5,059
Басқа валюталармен көрсетілген банктердегі ағымдағы шоттар	**183**	51
90 күнге дейінге дейінгі қысқа мерзімді банктік салымдар, еуро	**141,220**	210,796
Кассадағы қолма-қол ақша	–	869
Ақшалай қаражат және оның баламалары, барлығы	**22,360,756**	**17,389,910**

15. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БАНКТІК САЛЫМДАР

Мың теңге	**2017 жылғы 31 желтоқсан**	2016 жылғы 31 желтоқсан
Өтеу мерзімі үш айдан бір жылға дейін қысқа мерзімді банктік салымдар, АҚШ доллары	**9,707,480**	2,579,054
Өтеу мерзімі үш айдан бір жылға дейін қысқа мерзімді банктік салымдар, теңге	**6,294,093**	180,000
Қысқа мерзімді банктік салымдар, барлығы	**16,001,573**	**2,759,054**

16. КАПИТАЛ

Жарғылық капитал

Жарғылық капиталдағы өзгерістер төмендегідей көрсетілген:

Мың теңге	Жай акциялар	
	Саны	Сомасы
2016 жылғы 1 қаңтарда	**292,787**	**243,901,772**
Акцияларды шығару	100	8,973,135
2016 жылғы 31 желтоқсанда	**292,887**	**252,874,907**
Акцияларды шығару	–	–
2017 жылғы 31 желтоқсанда	**292,887**	**252,874,907**

Компанияның жарғылық капиталы жай акциялардан тұрады. Бір жай акция бір дауыс беруге құқық береді.

2016 жылдың мамырында Компания бір акцияның орналастырылу құны 89,731 мың теңгеге тең 100 акция мөлшерінде жай акциялардың қосымша эмиссиясын жүзеге асырды, олар шығарылып және орналастырылып, Самұрық-Қазына қоры тарапынан жалпы сомасы 8,973,135 мың теңгеге сатып алынды. Қосымша эмиссия бойынша акцияларға төлеу ақшалай қаражатпен жүзеге асырылды

Капиталдың өзге құрамдастары

Капиталдың өзге құрамдастары қауымдасқан компания «Қазцинк» ЖШС-нің ұсынатын валютасын Топтың ұсынатын валбтасына қайта есептеу бойынша резерв болып табылады.

Дивидендтер

2016 жылдың қорытындысы бойынша Топ Самұрық-Қазына қорына 5,617,478 мың теңге мөлшерінде дивиденд бөлінетінін жариялады. 2017 жылғы 31 желтоқсанда Топ Самұрық-Казына дивидендтерді толық төледі.

2015 жылдың қорытындысы бойынша жыл ішінде шоғырландырылған таза залалдың алынуы себебімен Топ Самұрық-Қазына қорына дивиденд төлеген жоқ.

«Масальский ТБК» ЖШС мен «Silicon mining» ЖШС-індегі бақыланбайтын иелік үлесі

Мың теңге	2016 жыл
1 қаңтарда	**420,197**
Бақыланбайтын иелік үлесін сатып алу	**(331,236)**
Бақыланбайтын иелік үлесіне келетін алдыңғы кезеңдегі жиынтық залалды түзету	**(19,927)**
Бақыланбайтын иелік үлесіне келетін кезең ішіндегі жиынтық залал, барлығы	**(8,774)**
31 желтоқсанда	**60,260**

Мың теңге	2017 жыл
1 қаңтарда	**60,260**
Бақыланбайтын иелік үлесіне келетін кезең ішіндегі жиынтық залал, барлығы	**(9,635)**
31 желтоқсанда	**50,625**

17. КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Мың теңге	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек	**5,417,568**	5,150,536
Шет ұйымдарға кредиторлық берешек	**3,328,940**	4,489,170
Байланысқан тараптардан алынған аванстар (25-ескерту)	**3,655,849**	3,029,345
Байланысқан тараптарға кредиторлық берешек (25-ескерту)	**19,914**	21,918
	12,422,271	**12,690,969**

18. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНЕН АЛЫНҒАН ТҮСІМ

Мың теңге	2017 жыл	2016 жыл
Алтынды өткізу	**193,796,598**	154,041,621
Кремнийді өткізу	**9,887,011**	11,206,525
Күмісті өткізу	**2,620,544**	1,069,078
Басқасы	**8,733**	66,814
	206,312,886	**166,384,038**

Топ өзінің дайын өнімдерін негізінен салмағы 12 килограмм, құрамындағы алтыны 99.99% алтын құймалар түрінде жалғыз сатып алушы, байланысқан тарап – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (Мемлекеттің ортақ бақылауындағы ұйымға) өткізеді. 2017 және 2016 жылдардың ішінде Топ жалпы салмағы, сәйкесінше, 14,594 кг және 11,204 кг дайын өнім өткізді.

19. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

Мың теңге	2017 жыл	2016 жыл
Шикізат пен материалдар	**192,230,343**	165,006,740
Электр энергиясы	**2,610,088**	2,981,544
Еңбекақы және тиісті аударымдар	**1,040,975**	936,615
Тауарлы-материалдық қорлар	**772,686**	681,388
Тозу және амортизация (8 және 9-ескерту)	**676,413**	619,274
Басқасы	**706,375**	614,080
Құнсыздану	**–**	(11,912)
Дайын өнімдегі және аяқталмаған өндірістегі өзгерістер (12-ескерту)	**7,103,915**	(7,090,876)
	205,140,795	**163,736,853**

20. ЖАЛПЫ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫНДАР

Мың теңге	2017 жыл	2016 жыл
Еңбекақы және тиісті аударымдар	**2,126,085**	1,622,439
Кәсіптік және консультациялық қызметтер	**311,753**	90,805
Жалгерлік бойынша шығындар	**192,560**	209,195
Тозу және амортизация (8 және 9-ескерту)	**135,502**	106,221
Іссапар шығындары	**98,196**	137,717
Резервтер	**93,791**	17,093
Коммуналдық қызметтер	**69,889**	43,886
Салықтар, корпоративтік табыс салығынан басқа	**35,319**	31,871
Байланыс қызметтері	**13,609**	24,884
Өкілдік ету шығындары	**5,310**	7,094
Ескірген және өтімді емес тауарлы-материалдық қорлар бойынша құнды қалпына келтіру	**(127,147)**	–
Өзге де қызметтер	**10,440**	62,335
Басқасы	**445,273**	183,663
	3,410,580	**2,537,203**

21. ҚАРЖЫЛЫҚ ТАБЫСТАР

2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық табыстар бастапқы өтеу мерзімі 90 күнге дейін ақшалай баламалардың құрамына кіргізілген қысқа мерзімді банктік салымдар және қысқа мерзімді банктік салымдар бабына кіргізілген мерзімі үш айдан бір жылға дейінгі салымдар бойынша есептелген пайыздық табыстардан тұрады.

22. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ

2017 және 2016 жылдарда Топқа қолданыстағы 20% ресми мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынды.

Мың теңге	2017 жыл	2016 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы	**(18,043)**	(111,062)
Өткен жылдың ағымдағы корпоративтік табыс салығына қатысты түзетулер	**–**	(19,677)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы	**(37,310)**	(67,069)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	**(55,353)**	**(197,808)**

Төменде корпоративтік табыс салығының ресми мөлшерлемесі бойынша пайдаға қолданылатын салық салынғанға дейін корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарды 2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша шығындармен салыстыру нәтижесі көрсетілген:

Мың теңге	2017 жыл	2016 жыл
Салық салынғанға дейінгі пайда	**56,550,524**	37,579,786
Салықтың ресми мөлшерлемесі	**20%**	20%
Ресми мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	**11,310,105**	7,515,957
Кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған активтердегі өзгерістер	**51,072**	721,244
Өткен жылдардағы бағалауды өзгерту	**–**	–
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияның пайдасындағы үлес	**(11,609,811)**	(7,478,190)
Басқасы	**303,987**	(561,203)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	**55,353**	**197,808**

22. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ (ЖАЛҒАСЫ)

31 желтоқсандағы кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелердің құрамдастары төмендегідей көрсетілген:

Мың теңге	**2017 жыл**	**Пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы есепте танылған өзгерістер**	2016 жыл	Пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы есепте танылған өзгерістер	2015 жыл
Кейінге қалдырылған корпоративтік салық бойынша активтер					
Ауыстырылатын салықтық залал	**886,244**	**102,059**	784,185	136,546	647,639
Салық есебінде капиталға айналдырылған шығыстар	**558,979**	**25,786**	533,193	533,193	–
Пайдаланылмаған еңбек демалыстары бойынша резерв	**57,500**	**18,213**	39,287	25,400	13,887
Күмәнді берешек бойынша резерв	–	**(1,546)**	1,546	1,546	–
ЛКШ бойынша есептелген міндеттемелер	**40,236**	**(25,448)**	65,684	54,553	11,131
Аудиторлық қызметтер бойынша есептелген міндеттемелер	–	**(929)**	929	–	929
Қол қойылатын бонусты төлеу бойынша есептелген міндеттемелер	**4,873**	**4,873**	–	–	–
Өтелетін салықтар	–	**(50,258)**	50,258	1,663	48,595
Өзге де активтер	**22,516**	**(21,678)**	44,194	(31,657)	75,851
	1,570,348	**51,072**	**1,519,276**	**721,244**	**798,032**
Кейінге қалдырылған корпоративтік салық бойынша міндеттемелер					
Негізгі құралдар	**(221,671)**	**(154,602)**	(67,069)	(35,299)	(31,770)
Материалдық емес активтерді әділ құны бойынша бағалау	**(10,006,638)**	119,900	(10,126,538)	(31,770)	(10,094,768)
Өзге де міндеттемелер	**(2,608)**	**(2,608)**	–	–	–
	(10,230,917)	**(37,310)**	**(10,193,607)**	**(67,069)**	**(10,126,538)**
Минус: кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған активтер	**(1,570,348)**	**(51,702)**	(1,519,276)	(721,244)	(798,032)
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелер	**(10,230,917)**	**(37,310)**	**(10,193,607)**	**(67,069)**	**(10,126,538)**

22. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін салыстыру, нетто

Мың теңге	2017 жыл	2016 жыл
1 қаңтарда	**10,193,607**	10,126,538
Кезең ішінде залал құрамында танылған, салық бойынша шығын	**37,310**	67,069
31 желтоқсанда	**10,230,917**	**10,193,607**

Материалдық емес активтерді әділ құны бойынша бағалауға жататын кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы Шалқия Цинк, МТБК мен «Солтүстік Қатпар» ЖШС бизнесін сатып алу шеңберінде алынған кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы болып табылады.

2017 жылғы 31 желтоқсанда кейінге қалдырылған корпоративтік салық бойынша 1,570,348 мың теңге мөлшеріндегі танылмаған активтер (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 1,519,276 мың теңге) негізінен, сәйкесінше, 2017 мен 2016 2016 жылдың ауыстырылатын салықтық залалына жатқызылған. Бұл салықтық залалдарды 10 (он) жыл бойы пайдалануға болады. Болашақта бұл залалды соған қарама-қарсы пайдалануға болатын, салық салынатын пайданың болу ықтималдығына қатысты белгісіздіктің бар болуына орай, кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша тиісті актив танылған жоқ.

23. ШАРТ АЯСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтың қаржы-шаруашылық қызметі жүзеге асырылатын орта

Қазақстанда экономикалық реформалар мен құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды нарықтық экономиканың талаптарына сай келетін етіп дамыту жалғасуда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көп жағынан бұл реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында Үкіметтің қолданып отырған шараларының тиімділігіне байланысты болады.

Қазақстан экономикасы нарықтағы ауытқудың және әлемдік экономикадағы экономикалық өсу қарқынының төмендеуінің әсеріне тап болып отырады. Әлемдік қаржы дағдарысы капитал нарықтарында тұрақсыздық орнауына, банк секторында өтімділіктің айтарлықтай нашарлауына және Қазақстанның ішінде кредит беру шарттарының қатаңдатылуына әкелді. Қазақстан Республикасының Үкіметі өтімділікті қамтамасыз ету және қазақстандық банктер мен компаниялардың шетелден алған қарыздарын қайта қаржыландыру мақсатымен тұрақтандыру шараларын қолға алғанына қарамастан, капитал көздеріне қол жеткізу мүмкіндігіне, сондай-ақ Топ және оның контрагенттері үшін капиталдың құнына қатысты тұрлаусыздық бар, ал бұл Топтың қаржылық жағдайына, операцияларының нәтижелеріне және экономикалық келешегіне әсер етуі мүмкін.

Қазақстанның экономикасы мұнай мен басқа да минералды ресурстардың экспортына көп дәрежеде тәуелді екенін, ал соңғы жылдарда олардың, әсіресе көмірсутек шикізатының әлемдік бағалары елеулі түрде төмендегенін ескерсек, қазіргі уақытта ел экономикасының дамуында құлдырау байқалып отыр. Бұдан басқа, қазіргі уақытта Ресейге қарсы экономикалық санкциялардың жалғасуы, екі елдің арасында үлкен экономикалық байланыстың бар екенін ескергенде, Қазақстанның экономикасына да жанама түрде әсер етіп отыр. Осы жағымсыз әсерлердің салдары ретінде 2016 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Үкіметі еркін айырбас бағамына өту туралы шешім қабылдады, содан кейін ұлттық валюта–теңге негізгі әлемдік валюталарға қатысты айтарлықтай құнсызданды.

Топ басшылығының пікірінше, ол осындай жағдайда Топтың экономикалық тұрақтылығын қалыпта ұстау бойынша барлық қажетті шараларды жасап жатыр. Дегенмен жоғарыда сипатталған салаларда жағдайдың одан әрі нашарлауы Топтың нәтижелері мен қаржылық жағдайына жағымсыз әсер етуі мүмкін. Қазіргі уақытта бұл әсердің дәл қандай болуы ықтимал екенін анықтау мүмкін болмай отыр.

Маусымдылық

Топтың негізгі қызметі пайдалы қазбаларды барлау, игеру, өндіру, өңдеу және өткізу болып табылады, бұл бағыттар кезең ішінде маусымдылыққа немесе операциялардың кезеңділігіне ұшырамайды.

23. ШАРТ АЯСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Салық салу

Салық саласындағы әр түрлі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің ережелері әрдайым анық жазыла бермейді және де олардың қалай түсіндірілетіні жергілікті жердегі салық органдары инспекторларының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің лауазымды тұлғаларының пікіріне байланысты болады. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдары арасында пікір қайшылығы болатын жағдайлар жиі кездеседі.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы қолданыстағы салық заңдарының негізінде анықталған құқық бұзушылық үшін қолданылып жүрген айыппұл пен өсімпұл жүйесі өте қатаң. Айыппұл санкцияларына айыппұл кіреді – әдетте ол қосымша есептелген салықтар сомасының 50%-ы мөлшеріндегі айыппұлдан және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептеліп, 2.5 еселенген өсімпұлдан тұрады. Нәтижесінде айыппұл санкциялары мен өсімпұлдың сомасы қосымша есептеуге жататын салықтардың сомаларынан елеулі түрде асуы мүмкін.

Топтың пікірінше, ол барлық қолданылатын салықтарды төледі немесе есептеп жазды. Анық болмаған жағдайларда Топ салық міндеттемелерін басшылықтың негізді түрде бағалауының негізінде есептеп жазды. Топтың саясатында мөлшерін жеткілікті дәрежедегі дәлдікпен анықтауға болатын қосымша шығын келуі мүмкін болатын тиісті есепті кезеңде осындай әлеуетті міндеттемелерді есептеп жазу қарастырылған.

Қазақстанның салық салу жүйесіне тән болып отырған белгісіздікке орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың әлеуетті сомасы қазіргі уақытта шығынға жатқызылған және 2017 жылғы 31 желтоқсанда есептеп жазылған сомадан асып кетуі мүмкін. Осындай сомалардың есептеп жазылуы мүмкін екеніне және олардың сипаты әлеуетті түрде айтарлықтай болатынына қарамастан, Топтың басшылығы олардың болуы екіталай немесе олар бағалауға келмейді, немесе бұл жағдайдың екеуі де бар деп есептейді.

Топтың қызметі мен қаржылық жағдайына Қазақстанда саяси жағдайдың қалай дамитыны, соның ішінде салық салу саласындағы қолданыстағы және болашақ заңнама мен нормативтік-құқықтық актілердің қолданылуы әсер етуі мүмкін. Топ өзінің қызметіне қатысты бұл әлеуетті міндеттемелердің Қазақстандағы ол сияқты кәсіпорындардың әлеуетті міндеттемелеріне қарағанда әлдекайда елеулі сипаты бар деп есептемейді.

Басшылықтың пікірінше, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның қолданыстағы заңнаманы түсіндіруі оған сәйкес келеді және салықтар бойынша Топтың ұстанымы қолдауға ие болады деген ықтималдық бар.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша мәселелер

Топ басшылығының пікірінше, қазіргі уақытта Топ қоршаған ортаны қорғау бойынша Қазақстан Республикасының барлық қазіргі заңдары мен нормативтік актілерін орындап отыр. Алайда қоршаған ортаны қорғау бойынша Қазақстанның заңдары мен нормативтік актілері өзгеретін жағдайда, Топ олардың өзгеретін мерзімі мен дәрежесін болжай алмайды.

23. ШАРТ АЯСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Заңдық мәселелер

Қалыпты шаруашылық қызметі барысында Топ әр түрлі сот процестері мен қуынымдардың объектісі болуы мүмкін. Топ нақты мән-жайларды ескеріп елеулі міндеттемелердің туындау ықтималдығын бағалайды және міндеттемелерді реттеу үшін ресурстарды жылыстату қажеттілігі ықтимал болған және міндеттемелердің сомасын жеткілікті дәрежеде сенімді өлшеуге болатын жағдайда ғана шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісті резервті бейнелейді.

Топ басшылығының ойынша, нақты міндеттемелер, егер олар орын алатын болса, Топтың ағымдағы қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне айтарлықтай әсер етпейді. Сол себептен осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте мұндай резервтер құрылған жоқ.

Сақтандыру

Қазақстанда сақтандыру қызметтері нарығы қалыптасу кезеңінде тұр және әлемнің басқа елдерінде тараған сақтандырудың көптеген түрлері Қазақстанда әзірге жоқ. Солай болғанымен, Топтың жүргізіліп жатқан геологиялық барлау жұмыстарына қатысты, сондай-ақ үшінші тұлғалардың алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілік бойынша тау-кен саласында жалпы қабылданған қағидаттар деңгейінде жасаған сақтандыру өтемі бар. Топ басшылығының ойынша, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың сақтандыру бағдарламасы Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттардың негізгі ережелеріне сай келеді.

Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттар бойынша міндеттемелер

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұзақ мерзімді жұмыс бағдарламасы бойынша мынадай міндеттемелері бар:

Мың теңге	2017 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде міндеттемелердің орындалуы	Ұзақ мерзімді жұмыс бағдарламасы бойынша міндеттемелер			
		2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020-2026 жылдар
Алайғыр кен орны	4,296,435	20,218,500	6,141,000	2,560,000	41,033,000
Гагарин кен орны	212,146	371,058	–	–	–
Спасск МКА кен орны	991,517	1,206,906	89,991	–	–
Тұйық-Темірлік кен орны	3,329	117,867	–	–	–
Шоқпар кен орны	157,390	310,587	–	–	–
Прогресс кен орны	–	254,029	204,431	68,937	–
Масал кен орны	1,159,467	17,255,700	17,796,000	3,652,000	33,100,000
Солтүстік Қатпар кен орны	277,901	315,827	140,755	6,789,227	37,928,452
Тұйық кен орны	147,992	2,406,802	92,263	919,292	17,434,386
Ақтас кен орны	335,518	853,960	1,111,494	490,538	3,227,503
Жоғарғы Қайрақты кен орны	11,225	201,043	490,349	81,133	–
Оңтүстік Мойынты алаңы кен орны	9,293	302,018	257,013	256,032	112,843
	7,602,213	**43,814,297**	**26,323,296**	**14,817,159**	**132,836,184**

23. ШАРТ АЯСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттар бойынша міндеттемелер (жалғасы)

Шалқия кен орнында Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарт бойынша жұмыс бағдарламасына сәйкес еншілес кәсіпорын «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ-ның шарт аясындағы мынадай міндеттемелері бар:

Мың теңге	Жұмыс бағдарламасының мерзімі, жылдар	2017 жыл ішіндегі инвестициялардың ең аз көлемі	2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2017 жыл ішінде ең аз жұмыс бағдарламасының орындалмаған бөлігі	2018-2047 2017-2047 жылдарда орындалуға тиіс көлемі
Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарт				
Шалқия кен орны	2002-2047	13,581,598	5,365,157	1,600,118,348

Топтың қызметіне жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарт талаптарының орындалуы жағынан мемлекеттік органдардың тарапынан тексерістер жүргізіледі. Басшылық осындай тексеріс барысында туындаған дауларды шешу үшін қажетті түзеу шараларын келісу бойынша мемлекеттік органдармен ынтымақтастық жасайды. Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттарда қамтылған ережелердің орындалмауы айыппұл салынуына, өсімпұл төленуіне, қолданыстағы келісімшарттың шектелуіне, тоқтатыла тұруына немесе қайтып алынуына әкелуі мүмкін. Топ басшылығының пікірінше, келісімшарт талаптарын сақтамауға қатысты кез келген мәселелер келіссөз немесе түзеу шаралары арқылы шешіледі және Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді.

Қарыздар мен кепілдіктер

Еншілес ұйымдардың қарыздары

2016 жылғы 30 желтоқсанда еншілес кәсіпорын «Алайғыр» БК» ЖШС кен өндіру кәсіпорнын, сондай-ақ тау-кен байыту фабрикасының құрылысын салуға және іске пайдалануға байланысты инвестициялық шығындарын қаржыландыру мақсатында Еуразиялық даму банкінен 56 млн. АҚШ доллары сомасында кредит желісін алды. Бұл қарызды төлеу мерзімі 7 жылға тең. Пайыз мөлшерлемесі жылдық 6.25% мөлшерінде белгіленді. Қол қойылған келісімге сәйкес, «Алайғыр БК» ЖШС 2019 жылдан бастап келісім күшінде болатын бүкіл мерзім бойы ковенанттарды сақтау бойынша, айталық, мемлекеттік, қадағалау, салық органдарының талаптарына сәйкестік; тиісті қаржылық көрсеткіштерді және т.с.с. орындау сияқты қарыздың талаптарына сай болуға тиіс. Қарыз алынған сомаға Топтың кепілдігімен берілді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Алайғыр БК» ЖШС осы кредит желісі бойынща 2,052 мың АҚШ доллары сомасында қарыз алды (681,963 мың теңге). Осы қарыз бойынша қосымша кепілдік ретінде 267,506 мың теңге сомасындағы негізгі құралдар банке табысталды (8-ескерту).

2017 жылғы 12 маусымда еншілес кәсіпорын «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ Шалқия кенішінде жаңа байыту фабрикасының, қалдыққойманың, алаң ішіндегі тораптардың, руда беретін кешеннің құрылысын салу мақсатымен Еуропалық қайта құру және даму банкімен («ЕҚДБ») 350 млн. АҚШ долларына дейінгі сомаға кредит келісіміне қол қойды. Бұл келісімнің шарттары бойынша, негізгі борыш 2021 жылғы 20 маусымнан бастап әр жарты жыл сайын тең төлемдермен өтелуге тиіс. Қарыз 2029 жылғы 20 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен өтелген болуға тиіс. Бұл қарыз үшін сыйақы мөлшерлемесі Лондон банкаралық нарығындағы ұсыныстың мөлшерлемесі (ЛИБОР) және оған қоса жылдық 2.5% мөлшеріндегі маржаға тең. Қарыз Самұрық-Қазына қорының кері қайтарылмайтын кепілдемесімен және жобаны жүзеге асыруға байланысты келісімшарт талаптарын орындау бойынша Топтың кепілдемесімен беріліп отыр. Қол қойылған келісімге сәйкес, «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ келісім күшінде болатын бүкіл мерзім бойы құрылыс салу мерзімдерін сақтау; мемлекеттік, қадағалау, салық органдарының талаптарына сәйкестік; тиісті қаржылық көрсеткіштерді орындау және т.с.с. сияқты ковенанттарды сақтау бойынша ЕҚДБ талаптарына сай болуға тиіс. 2017 жылы «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ қарызды резервтеу үшін 1,153,624 мың теңге сомасында комиссияны және сыйақыны төледі. 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ бұл қарыз шарты бойынша ақшалай қаражатты алған жоқ.

23. ШАРТ АЯСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Қарыздар мен кепілдіктер (жалғасы)

Еншілес ұйымдардың қарыздары (жалғасы)

2016 жылғы 21 қыркүйекте Компания операциялық қызметті қаржыландыру мақсатында қауымдастырылған компания «Қазцинк» ЖШС-мен 180 млн. АҚШ долларына тең сомаға қарыз шартына қол қойды. Бұл шартқа сәйкес еншілес кәсіпорындар «Logic Business» ЖШС, «Logic Invest Capital» ЖШС және «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС қарыз сомасының қайтарылуы бойынша кепілгер болып отыр. Бұл қарызды төлеу мерзімі 3 жыл. Пайыз мөлшерлемесі жылдық 3% мөлшерінде белгіленді. 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания бұл қарыз шарты бойынша ақшалай қаражатты алған жоқ.

2016 жылғы 21 қарашада Тау-Кен Алтын ЖШС Самұрық-Қазына қорымен кепілдік шартын жасады, ол бойынша Самұрық-Казына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен («ҚРҰБ») жасалған өткізу шарты бойынша алтынның болашақ жеткізілімі шеңберінде тундайтын міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін ҚРҰБ пайдасына 10 млрд. теңгеден аспайтын мөлшерде кепілдік береді.

Операциялық жалгерлік шарттары

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың операциялық жалгерлік бойынша үзуге болмайтын шарттары жоқ.

Инвестиция сипатындағы шарттар

2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың, жер қойнауын пайдалану туралы шарттарын қоспағанда, инвестиция сипатындағы басқа шарттары жоқ.

24. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ

Топ қаржы құралдарын пайдалануының салдарында мынадай тәуекелдерге тап болып отырады:

- кредит тәуекелі;
- өтімділік тәуекелі;
- нарықтық тәуекел.

Осы Ескертуде Топтың барлық жоғарыда аталған тәуекелдерге тап болуы туралы ақпарат, тәуекелдерді өлшеу және басқару жөніндегі, сондай-ақ Топтың капиталын басқару жөніндегі Топтың саясатының мақсаттары мен процестері келтірілген.

Топтың тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттары Топ тап болып отыратын тәуекелдерді айқындау және талдау, тәуекелдің тиісті шектері мен бақылау құралдарын анықтау, тәуекелге мониторинг жасау және шектерді сақтау үшін белгіленген. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен жүйелер тұрақты негізде қайта қаралады, бұл нарықтық жағдайлардағы өзгерістерді және Топтың іс-шараларын бейнелеу үшін қажет.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан құбылады деген қауіп-қатер.

24. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі – бұл нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне орай қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құнының ауытқу қауіп-қатері. Топтың пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қаржы құралдары жоқ.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - бұл Топтың барлық міндеттемелері бойынша өтеу мерзімдері келген кезде ол оларды өтей алмайды деген қауіп-қатер. Топ қарыз құралдарының (борыштық және үлестік құралдар) жеткілікті деңгейін қалыпта ұстау жолымен және ақшалай қаражат бюджетін басқару жолымен өтімділік тәуекелін реттейді.

Төмендегі кестеде келісімшарттардың талаптары және келісілген төлем графиктері бойынша Топтың туынды емес қаржы міндеттемелерін өтеу мерзімдері бойынша деректер көрсетілген. Бұл кесте Топтың қаржы міндеттемелері бойынша ақшалай қаражаттың дисконтталмаған ағындары, яғни ақшалай қаражат дисконтталғанға дейін, және оның міндеттемелерінің ең ерте өтелетін күні негізге алынып дайындалды.

Мың теңге	Сұрап алатын	Бір айдан үш айға дейін	Үш айдан бір жылға дейін	Бір жылдан бес жылға дейін	Бес жылдан жоғары	**Барлығы**
2017 жылғы 31 желтоқсан						
Кредиторлық берешек	–	3,348,854	–	–	–	**3,348,854**
Акционерден алынған қарыздар	–	–	–	–	7,889,377	**7,889,377**
Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек	–	–	–	1,383,300	6,916,500	**8,299,800**
	–	**3,348,854**	–	**1,383,300**	**14,805,877**	**19,538,031**

Мың теңге	Сұрап алатын	Бір айдан үш айға дейін	Үш айдан бір жылға дейін	Бір жылдан бес жылға дейін	Бес жылдан жоғары	**Барлығы**
2016 жылғы 31 желтоқсан						
Кредиторлық берешек	–	4,404,066	–	–	–	**4,404,066**
Акционерден алынған қарыздар	–	–	–	–	7,889,377	**7,889,377**
Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек	–	–	–	1,383,300	6,916,500	**8,299,800**
	–	**4,404,066**	–	**1,383,300**	**14,805,877**	**20,593,243**

Кредит тәуекелі

Топ дебиторлық берешекті, ақшалай қаражат пен оның баламаларын және қысқа мерзімді банктік салымдарды қамтитын қаржылық активтерге байланысты кредит тәуекеліне тап болып отырады. Топтың тәуекелі контрагентте дефолт басталу мүмкіндігімен байланысты, бұл орайда ең үлкен тәуекел бұл құралдардың баланстық құнына тең.

Валюта тәуекелі

Валюта тәуекелі – бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылады деген қауіп-қатер.

Топ шетел валютасымен көрсетілген кейбір операцияларды жүргізеді. Бұған байланысты валюта айырбас бағамдарында өзгеріс болу тәуекелі пайда болады.

24. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Валюта тәуекелі (жалғасы)

2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шетел валютасымен көрсетілген активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны келесідей ұсынылған:

Мың теңге	Міндеттемелер		Активтер	
	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан	**2017 ж. 31 желтоқсан**	2016 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	**(198,743)**	(22,352)	**1,523,545**	6,033,512
Еуро	**(112,590)**	(3,090)	**19,238**	883,309
	(311,333)	**(25,442)**	**1,542,783**	**6,916,821**

Төмендегі кестеде теңге бағамының тиісті валюталарға қатысты 2017 жылы 10%-13.5%-ға және 2016 жылы 13%-15%-ға жоғарылауының немесе төмендеуінің ықтимал әсері туралы егжей-тегжейлі деректер көрсетілген. 10%-13.5% мөлшеріндегі сезімталдық деңгейі негізгі басшылар үшін валюта тәуекелі бойынша ішкі есептілікті талдау және дайындау кезінде пайдаланылады және валюта бағамдарының ақылға қонымды түрде ықтимал өзгеруіне басшылықтың жүргізген бағалауын бейнелейді. Тәуекелге сезімталдықты талдау аясында шетел валютасымен көрсетілген ақшалай баптар бойынша қалдықтар ғана қарастырылады және валюта бағамдарының 10%-13.5%-ға өзгеруі шартымен бұл қалдықтардың есепті күні қайта есептелуі түзетіледі.

Төменде көрсетілген сомалар тиісті валютаға қатысты теңге бағамы әлсіреген жағдайдағы пайданың (азаюын)/артуын бейнелейді. Тиісті валютаға қатысты теңге бағамының нығаюы пайдаға салыстырмалы әсерін тигізеді, бұл орайда төменде көрсетілген сомалардың кері белгісі болады.

Мың теңге	Теңгенің тиісті валютаға арақатынасының пайызы		Пайдаға/капиталға әсері			
	2017	2016	Міндеттемелер		Активтер	
			2017 жыл	2016 жыл	**2017 жыл**	2016 жыл
АҚШ доллары	10%	13%	**(19,874)**	(2,906)	**152,354**	784,357
Еуро	13.5%	15%	**(15,200)**	(464)	**2,597**	132,496
			(35,074)	**(3,370)**	**154,952**	**916,853**

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржы құралының әділ құны бұл құрал хабардар тараптардың арасында коммерциялық шарттармен айырбасталуы мүмкін болатын сома ретінде анықталады, тек бұған ол мәжбүрлі түрде сатылатын немесе тарату кезінде сатылатын жағдайлар жатпайды. Компанияның пікірінше, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық активтері мен міндеттемелерінің ағымдағы құны шамамен олардың әділ құнына тең.

24. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Әділ құнды бағалау рәсімдері

Қаржы құралдарының әділ құнын анықтау және ол бойынша ақпаратты ашу үшін Топ бағалау әдістерінің мынадай иерархиялық құрылымын пайдаланады:

- 1-деңгей: ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың белгіленімдері (ешбір түзетулерсіз);
- 2-деңгей: шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген әділ құн сомасына елеулі әсерін тигізетін барлық бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын ақпаратқа негізделген бағалау үлгілері;
- 3-деңгей: шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген әділ құн сомасына елеулі әсерін тигізетін, бірақ нарықта байқалатын ақпаратқа негізделмеген бастапқы деректер пайдаланылатын бағалау үлгілері.

Әділ құнды бағалау рәсімдері

Мына төмендегі кестеде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құны бойынша көрсетілген қаржы құралдарының талдауы әділ құн көздерінің иерархиясы тұрғысында ұсынылған:

Мың теңге	2017 жылғы 31 желтоқсанда әділ құнның бағалануы				
	Бағалау күні	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	**Барлығы**
Әділ құны ашып көрсетілетін міндеттемелер					
Кредиторлық берешек	31.12.2017	–	3,348,854	–	3,348,854
Акционерден алынған қарыздар	31.12.2017	–	3,104,963	–	3,104,963
Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек	31.12.2017	–	5,417,568	–	5,417,568
Әділ құны, барлығы		–	**11,871,385**	–	**11,871,385**

Мың теңге	2016 жылғы 31 желтоқсанда әділ құнның бағалануы				
	Бағалау күні	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	**Барлығы**
Әділ құны ашып көрсетілетін міндеттемелер					
Кредиторлық берешек	31.12.2016	–	4,404,066	–	**4,404,066**
Акционерден алынған қарыздар	31.12.2016	–	2,898,365	–	**2,898,365**
Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек	31.12.2016	–	5,057,154	–	**5,057,154**
Әділ құны, барлығы		–	**12,359,585**	–	**12,359,585**

24. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Әділ құнды бағалау рәсімдері (жалғасы)

2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардың ішінде 1, 2 және 3-деңгейлердің арасында ауыстыру болған жоқ.

Капиталды басқару

Топ берешек пен капиталдың теңгерімін оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін табысты барынша көбейтумен қатар, үздіксіз қызмет қағидатын ұстануды жалғастыру үшін өзінің капиталын басқарады. Топтың капиталын басқару Самұрық-Қазына қорының капиталды басқару стратегиясына қатаң байланысты. Капиталды басқару жөніндегі шешімдердің көп бөлігі Акционердің тиісті комитеттерімен келісіліп қабылданады. Капиталдың құрылымын қолдау немесе түзету үшін Самұрық-Қазына Топтың капиталына салымдар енгізе алады, қарызды қаржыландыруды жүзеге асыра алады немесе барлық елеулі сыртқы қарыздарға кепілдіктер беріп Топқа үшінші тараптардан қарызды қаржыландыру алуға уәкілеттік бере алады. Жыл соңындағы қарыз қаражатының капиталға қатысты үлесінің коэффициенті төмендегідей көрсетілген:

Мың теңге	**2017 жылғы 31 желтоқсан**	2016 жылғы 31 желтоқсан
Пайыздық кредиттер мен қарыздар	**9,148,214**	7,955,519
Капитал	**590,848,470**	550,156,623
Қарыз қаражаты үлесінің коэффициенті	**1.55**	**1.45**

25. БАЙЛАНЫСҚАН ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысқан тараптарға Самұрық-Қазына қорының және/немесе Үкіметтің бақылауында тұрған ұйымдар, сондай-ақ Самұрық-Қазына қоры және/немесе Үкімет елеулі ықпал ететін немесе бірлесіп бақылау жасайтын компаниялар; Топтың негізгі басқарушы қызметкерлері: Топтың басқарушылар құрамы елеулі акциялар пакетіне тікелей немесе жанама түрде иелік ететін ұйымдар кіреді.

Байланысқан тараптармен операциялар тараптардың арасында келісілген, нарықтық жағдайда жүзеге асыру міндетті бола бермеген шарттармен жүргізілді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысқан тараптармен жүргізілген операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

Дебиторлық берешек

Мың теңге	**2017 жылғы 31 желтоқсан**	2016 жылғы 31 желтоқсан
Үкіметпен байланысты ұйымдар:		
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (13-қосымша)	–	1,107,040
	–	**1,107,040**

25. БАЙЛАНЫСҚАН ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Төменде 2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде байланысқан тараптармен жүргізілген операциялар көрсетілген:

Кредиторлық берешек және алынған аванстар

Мың теңге	Ескерту	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Самұрық-Қазына қорымен байланысты ұйымдар:			
«ҚазМұнайГаз» АҚ		14,792	18,615
«Қазақтелеком» АҚ		1,963	1,914
«Қазпошта» АҚ		2,495	548
«Самұрық-Қазына Контракт» АҚ		98	541
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ		163	300
«Қазақстан Темір Жолы» АҚ		403	–
Топтың қауымдастырылған компаниялары:		–	–
«Қазцинк» ЖШС		–	–
	17	**19,914**	**21,918**
Үкіметпен байланысты ұйымдар:		–	–
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі		**3,655,849**	3,029,345
	17	**3,655,849**	**3,029,345**

Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек

Мың теңге	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Самұрық-Қазына қорымен байланысты ұйымдар:		
«Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ (6-ескерту)	**5,417,568**	**5,057,154**
	5,417,568	**5,057,154**

Берілген аванстар

Мың теңге	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Самұрық-Қазына қорымен байланысты ұйымдар:		
«Самұрық-Энерго» АҚ	–	40,155
«KEGOC» АҚ	**24,116**	5,717
«Қазақстан Темір Жолы» АҚ	**2,046**	1,335
«Эйр Астана» АҚ	**2,086**	1,139
«Самұрық-Қазына Контракт» АҚ	**284**	142
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	**86,752**	–
«Қазпошта» АҚ	**232**	50
«Қазақтелеком» АҚ	–	5
	115,516	**48,543**

25. БАЙЛАНЫСҚАН ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Сатып алулар

Мың теңге	2017 жыл	2016 жыл
Самұрық-Қазына қорымен байланысты ұйымдар:		
«Самұрық-Энерго» АҚ	**440,525**	2,114,014
«Самұрық-Энерго» АҚ	**620,757**	654,163
«KEGOC» АҚ	**326,612**	290,645
«ҚазМұнайГаз» АҚ	**42,359**	61,594
«Қазақстан Темір Жолы» АҚ	**53,955**	39,508
«Самұрық-Қазына Контракт» АҚ	**20,926**	19,646
«Қазақтелеком» АҚ	**26,832**	19,457
«Қазпошта» АҚ	**18,043**	9,456
«Қазақстан Инжиниринг» АҚ	–	1,145
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	**297,219**	871
Топтың қауымдастырылған компаниялары:		
«Қазцинк» ЖШС	**405**	31,657
	1,847,633	**3,242,156**

Байланысқан тараптарға сату

Мың теңге	2017 жыл	2016 жыл
Үкіметпен байланысты ұйымдар		
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	193,324,860	153,807,752
«Қазгеология» АҚ	–	–
Топтың қауымдастырылған компаниялары:		
«Қазцинк» ЖШС	2,338,981	1,068,449
	195,663,841	**154,876,201**

Негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақы төлеу

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқарушы қызметкерлер құрамы 10 адамнан тұрады (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 10 адам). 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығындарға кіргізілген негізгі басқарушы қызметкерлерге төленген сыйақының жалпы сомасы 371,222 мың теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде: 119,787 мың теңге).

26. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ БЕКІТУ

Топтың қоса тіркелген шоғырландырылған қаржылық есептілігін Компанияның Қаржы жөніндегі бас директоры және Бас бухгалтері 2018 жылғы 27 ақпанда шығаруға бекітті.